



Ақсу өңірі

Қоғамдық - саяси, әлеуметтік - экономикалық газет

Газет 1934 жылғы 1 қазаннан шығады

№46 (10 249)

8 қараша

жұма

2024 жыл

aksuoniri@mail.ru

ҚАЗАҚТЫҢ ІРІЛЕРІ, АБАЙДЫҢ ІНІЛЕРІ



МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ФРАНЦИЯ ПРЕЗИДЕНТІМЕН КЕҢЕЙТІЛГЕН ҚҰРАМДА КЕЛІССӨЗ ЖҮРГІЗДІ



Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевты Елисей сарайының орталық кіре берісінде Эмманюэль Макрон қарсы алды.

Бірлескен суретке түсу рәсімінен кейін Президенттер Елшілер залында екі мемлекеттің ресми делегация мүшелерінің қатысуымен кеңейтілген құрамда келіссөз жүргізді.

Қасым-Жомарт Тоқаев Франция тарапының қазақ делегациясын ыстық ықыласпен қарсы алғанын атап өтіп, Эмманюэль Макронға алғыс айтты.

— Осы сапарыма айырықша мән беремін. Бұл Қазақстан мен Франция арасындағы стратегиялық серіктестіктің жаңа белесі болмақ. Бүгінгі келіссөздер және қабылданатын Бірлескен декларация әріптестігімізді күшейтілген стратегиялық деңгейге көтеруге ықпал етеді. Осы орайлы сәтте Сізді Парижде өткен отыз үшінші Олимпиада және Паралимпиада ойындарының табысты өтуімен шын жүректен құттықтаймын. Бұл жаһандық спорттағы аса

ауқымды, өрі айтулы оқиға екені анық. Әлем жұртшылығы жоғары деңгейде өткен додаға куә болды. Сіздің еліңіз 2030 жылы француз Альпілерінде жиырма алтыншы Қысқы Олимпиада ойындарын да тамаша деңгейде ұйымдастыратынына сенімдімін, — деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев Франция Президентінің былтыр Астанаға жасаған сапары барысында қол жеткізілген уағдаластықтар мен келісімдер қазақ-француз байланысын жан-жақты тереңдетуге зор серпін бергеніне назар аударды.

— Қазіргі таңда мемлекеттеріміз арасында белсенді және сенімді саяси диалог бар. Қазақстан мен Франция халықаралық сахнада тығыз байланыс орнатып, көпжақты құрылымдар аясында бейбітшілік пен орнықты даму қағидаттарын ілгерілетуде. Франция — біздің аса ірі сауда серіктестеріміздің бірі. Сіздің еліңіз Қазақстан экономикасына мол инвестиция салып отырған жетекші елдердің қатарында. Бүгінде

Қазақстанда француз капиталы бар 200-ден астам компания мен бірлескен кәсіпорын жұмыс істеп жатыр. Қазақстанда белсенді жұмыс істеуге ынталы француз бизнес өкілдеріне шынайы ризашылығымыз білдіреміз, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Қазақстан Президенті мәдени-гуманитарлық байланыстар, соның ішінде білім беру, ғылым, медицина және тарих салаларындағы ынтымақтастық қарқынды дамып келе жатқанына назар аударды. Сондай-ақ әлемге әйгілі Гиме мұражайында ашылған Қазақстанның ұлттық өнеріне арналған кәрмені айрықша ризашылықпен атап өтті.

Сөз соңында Қасым-Жомарт Тоқаев бүгінгі сапардың қорытындыларын қос халықтың өркендеуіне игі ықпал ететініне сенім білдірді.

Өз кезегінде Франция Президенті қазақ-француз ынтымақтастығының дамуына тың серпін беретін келіссөздердің маңызына тоқталды.

— Сіздің арқаңызда соңғы жылдары екі ел арасындағы серіктестік айтарлықтай нығайды, — деді Эмманюэль Макрон.

Келіссөздер барысында мемлекеттер басшылары машина жасау, көлік-логистика, ауыл шаруашылығы, энергетика, өнеркәсіптік кооперация, климат, цифрлық даму және денсаулық сақтау салаларындағы ынтымақтастықтың қазіргі жай-күйі мен перспективасын егжей-тегжейлі талқылады. Бұдан бөлек, мәдени - гуманитарлық байланыстарды нығайтуға мән берілді.

Президенттер өңірлік және халықаралық күн тәртібіндегі бірқатар өзекті мәселе жөнінде пікір алмасты.

ЖАҒЫМДЫ ЖАҢАЛЫҚТАР

АҚСУ АУДАНЫ ОРТАЛЫҒЫНДА 7 ПӘТЕР КІЛТІ ТАБЫСТАЛДЫ



Баспанаға мұқтаж көпбалалы, аз қамтылған, әлеуметтік тұрмысы төмен отбасыларға баспана алып беру мақсатында Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы «Ел үлесі — пәтерге» жобасын қолға алғаны белгілі. Осы жоба аясында бүгін сәрсенбінің сәтінде І.Жансүгіров ауылында 7 пәтердің кілті табысталды.

Аталған шараға арнайы келген Ақсу ауданы әкімінің орынбасары Амандос Ақышұлы, облыстың бас имамы Дауытов Керімбек Сәрсенбайұлы, ауданның бас имамы Анарбай Манбетов, аудандық Ардагерлер кеңесінің төрағасы Аманкелді Айтбаев, Жетісу облысы бойынша зекет қорының өкілі Қадыс Омар пәтер алған отбасылардың қуанышына ортақ болып, пәтер кілтін табыстады.

Игілікті шараны Жансүгіров ауылдық округіне қарасты "Ақын Сара" мәдениет үйінің қызметкерері жүргізіп, ауылымыздың ақ әжелері шашу шашты.

Облыс бойынша 800-ден астам осы жоба бойынша берілсе, соның 150-і біздің ауданда беріліпті.

Аудан орталығында "Ел үлесі пәтерге" жобасы аясында жүзеге асқан игілікті істің бас демеушісі Мұқанов Ерік Қасымұлы! Пәтер иелері:

Нұрлан Садуақасов, Алмагүл Жеңсхан, Қабдолла Садықов, Махаббат Түкенова, Айгерім Тырнақбаева, Ақынсара Құрмашева және бір шаңырақ мешіт қорына берілді. Қоныс құтты болсын!

Бай қуатты болайық!

Жақсылық жасап жарысайық!



Газетіміздің өткен санында аудан алыбы Ақсу қант зауытына тәтті түбірлерді тасымалдап жатқан жүк автокөліктерінің кезегі көршілес Таусамалы ауылына дейін созылып жатқанын айтып, зауыт күніне 170 көліктен қабылдап жатқанын айтқанбыз. Босап шыққан көліктер қайтадан толып кезекке тұрады. Осы көріністі көздерімен көріп жүрген аудан жастарына жақсы бір ой келіпті.

5 қараша күні "Aqsu Jastary" филиалының ұйымдастыруымен І.Жансүгіров ауылында "Жақсылық жасап жарысайық!" акциясы өткізілді. Акция аясында Ақсу қант зауытына қант қызылшасын (тәтті түбір) тасымалдаушыларға ыстық бөліштер мен шай таратылды. Акция барысында жүк көліктерінің жүргізушілері жастарға алғыстарын айтып, ризашылықтарын білдірді.

Шараға "Молықбай Байсақұлы" атындағы мәдениет үйі демеушілік көрсетіп, өз үлесін қосты.

Арнайы бетті әзірлеген: Ербол СЫМХАНОВ.

Қыстың қамын – жаз ойла!



Құрметті Ақсу ауданының тұрғындары!

Алдағы 2024 - 2025 жылдың қыс мезгілінің ерте түсуіне байланысты жылыту маусымына дайындық ша-

раларын жүргізу аясында, күз айларында жылу беру кәсіпорындарына көмірді жеткізу жұмыстары атқарылады, ол коммуналды - тұрмыстық көмірді тасымалдаушы

вагондар санының, қысқаруына екеп соғады. Осыған орай, жылыту маусымында көмірдің, жетіспеушілігін және әлеуметтік шиеленісті болдырмау мақсатында, Ақсу ауданының әкімдігі қатты отынның қажетті мөлшерін көмір тұйықтары мен қоймаларынан алдын - ала жаз - күз мезгілінде сатып алу керектігін ескертеді.

«Ақсу ауданының тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» мемлекеттік мекемесі.

ҚҰЛАНДАР ЕЛІ:

Жетісуда экологиялық туризмді дамытуға арналған ауқымды фестиваль өтті



Жетісу облысында Қызыл кітапқа кірген құландарға арналған бірегей фестиваль екінші жыл қатарынан өтуде. Жануарлар популяциясының көп бөлігі осы аймаққа тиесілі, яғни, 3600-дей құлан Кербұлақ ауданының «Алтынемел» ұлттық табиғи паркінің аумағын мекен етеді. Туристер жыл сайын осы әсем жаратылысты көруге мұнда арнайы келеді. Жыл басынан бері саябаққа 24 мың адам табан тіреген, соның 7 мыңы – Үндістан, Қытай, Корея, Франция, Германия және ТМД елдерінен келген шетелдік туристер, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Бұл іс-шараның бастамашылары мен ұйымдастырушылары - Ұлттық парк басшылығы, облыс әкімдігі және «Visit Zhetysay» туристік ақпараттық орталығы. Биылғы жылы фестиваль саябақтың тағы бір табиғи тылсымы – Айғайқұмның жанында өтті. 10-12 мың жыл бұрын пайда болған ұзындығы 3 км, биіктігі 150 метр бұл құм тау саябақтың айрықша белгісі іспеттес, Жетісу өлкесінің табиғи кереметтерінің бірі. Фестивальда ниет білдірушілер марафонға қатысып, ағартушы ғалым Шоқан Уәлиханов бұлағынан құм төбене дейінгі аралыққа жүгірді. Шыңға жете алғандар Іле өзенін биіктен бақылап, саябақтың керемет көріністерін үстінен тамашалады, тіпті құмның «әнін» де ести алғандар бар. Сондай-ақ арқан тартыс, кір көтеру сияқты спорттық ойындар ұйымдастырылып, концерттік нөмірлер ұсынылды.

«Алтынемел - құландар мекені» фестивалі екінші жыл қатарынан өтіп отыр. Фестивальға жыл сайын 1 мыңға жуық адам қатысады, Алматы қаласынан да, басқа өңірлерден де арнайы келеді. Былтыр фестивальді «Алтынемел» визит орталығының жанында өткіздік, ол жерде келушілер құландар табынын табиғи мекендейтін жерлерден тамашалады. Ал биылғы жылы фестивальді Жетісу өңіріндегі бірегей туристік нысандардың бірі Айғайқұмның жанында ұйымдастырдық. Қатысушылар құландарды, қарақұйрықтарды, сәті келсе, саябақтың басқа да ерекше жануарларын тамашалау үшін оларға фото -, видео сафари ұйымдастырылды. Мұның бәрі экологиялық туризмді дамытуға ықпал етеді, өйткені ұлттық парктар Жетісу облысындағы 5 туристік бағыттың бірі, - деді «Visit Zhetysay» туристік ақпараттық орталығының жетекшісі Жандос Нұриев.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, фестивальді өткізу ең алдымен Қызыл кітапқа енген жануарларды, соның ішінде құландарды сақтап қалуға бағытталған. Біршама жылдар бұрын Түркіменстаннан ұлттық паркке 30-ға жуық құлан әкелінген, ал қазір бұл жердегі құландар саны едәуір көбейді. Мысалы, өткен жылы саябақ аумағын 3 мыңға жуық құлан мекендесе, биыл олардың саны 3600-ге жетті. Бұл биологиялық түрдің бір бөлігі ұлттық парктен басқа аймақтарға да таралуда.

Жануарлар популяциясының көбеюіне, саябақтың дамуына, бірінші кезекте туристер санының артуына мемлекет тарапынан қолдау көрсетіліп келеді.

Қауіпсіздікті жақсарту үшін 14 жаңа мотоцикл мен моторлы қайық сатып алынды, сонымен қатар 10 трактор, қарда жүретін көліктер, дрон алдық, дронды түнде де ұшыруға болады. Фестиваль аясында біздің саябаққа 14 жол талғамайтын көлік келді. Жол инфрақұрылымын жақсартуда облыс әкімдігі тарапынан көрсетілетін қолдаудың маңызы зор. Өткізілетін имидждік іс-шаралар арқылы туристерді көптеп тарта бастадық. Мұның бәрі саябақтың дамуына, фауна мен флораның сақталуына оң әсерін тигізіп отыр. Былтыр саябаққа 16 мың турист келсе, биыл жыл басынан бері олардың саны 24 мыңға жетті, - деп атап өтті «Алтынемел» мемлекеттік ұлттық табиғи паркінің бас директоры Қуат Байтұрбаев.

Ұлттық парктің жалпы аумағы 307 мың гектардан асады. Бірегей табиғатын, сирек кездесетін жануарларын, тарихи-мәдени мұра ескерткіштерін сақтау үшін «Алтынемел» ЮНЕСКО биосфералық резерватының халықаралық мәртебесін иеленген. Мұнда сирек кездесетін өсімдіктердің 31 түрі, Қазақстанның Қызыл кітабына және халықаралық табиғатты қорғау одағының Қызыл тізіміне енгізілген жануарлардың 66 түрі кездеседі. Соның ішінде барыс, құлан, қарақұйрық және т.б. бар. Жақында таулы жерлерге қоңыр аюдың келгені байқалған. Ұлттық саябақ бірегей табиғи нысандарымен де танымал. Олардың қатарында «Айғайқұм», Ақтау бор таулары, Қатутау шөлді лава таулары, 700 жылдық тал, Бесшатыр сақ қорғандары, Таңбалы тас петроглифтері бар. Қонақтар фестивальдің екінші күні осы бірегей табиғи нысандардың бірқатарын тамашалауға мүмкіндік алды.

Қазір Қазақстан әсіресе көркем табиғатының арқасында Үндістанда жақсы танымал. Біз Шымбұлақта, Көлсай, Қайыңды көлдерінің жағасында болдық, ал бүгін «Алтынемел» ұлттық саябағы мен Айғайқұмның тамашасын көзбен көріп, зерттеп-біліп жатырмыз. Өсерімізді сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес, - дейді Үндістаннан келген турист Намбутасеха.

Фестиваль туралы Алматыдан келген жас қонақ Рената Линник те ой бөлісті:

Мен мұнда алғаш рет 5 жыл бұрын отбасыммен бірге келгенмін. Соңғы келгенімде Айғайқұмның «әнін» ести алмай кеттім. Бірақ бұл жолы жолым болып, құмның дауысын естідім. Оның биігіне шыққандағы әсерің тіпті бөлек болады. Ондағы мүлгіген тыныштық, зәу биіктен қарағандағы көрініс ғажап. Мұндай фестивальдар осы әлеміміздің, табиғатымыздың кереметтігін танытып, бізді біріктіре түседі деп ойлаймын, - деді ол.

Атап өтсек, биыл жол инфрақұрылымын жақсарту мақсатында республикалық маңызы бар «Сарыөзек – Көктал» жолының ұзындығы 23 шақырым болатын Алтынемел асуындағы учаскесіне күрделі жөндеу жүргізілді. Сондай-ақ, осы жолдың 0-45 км учаскесіне ағымдағы жөндеу жұмыстары басталды, оны келесі жылы аяқтау жоспарланған.

ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ ӘКІМІНІҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ.

ТАҒАЙЫНДАУ



Ермұханбетов Бекзат Тілектесұлы 2024 жылғы 4 қарашадағы Ақсу ауданы Әкімімен Ақсу ауданы әкімінің орынбасары болып тағайындалды.

Бекзат Жоғары білімі бар: 2004 жылы Д.Қонаев атындағы университеттің «Құрықтану» мамандығы бойынша бітірген. Еңбек жолын 1993 жылы «Бүйен» өндірістік кооперативінің дәрі - дәрмек қоймасының жұмысшысы болып бастаған. Әр жылдары

«Бүйен» өндірістік кооперативінің дәрімен меңгерушісі, «Қызылту» өндірістік кооперативінің дәрімен меңгерушісі, осы кооперативтің орталық қырман меңгерушісі және бастығының орынбасары, «Дарина» шаруа қожалығының іс қағаз жүргізушісі, «Ақжол» шаруа қожалығының меңгерушісі болып қызметтер атқарған. 2016 жылдан бастап 29 шілдеге дейін Ақсу ауданы әкімдігінің «Барлыбек Сырттанов ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің бас маманы болып жұмыс жасаған. 2019 жылдан 2023 жылға дейін Ақсу ауданы әкімдігінің Барлыбек Сырттанов ауылдық округінің әкімі болып қызмет еткен.

2023 жылдың 21 шілдеден бастап 13 қазанға дейін «Ақсу ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің мемлекеттік қызметтер мониторинг және ақпараттық технологиялар бөлімшесінің бас маманы болып жұмыс істеген.

2023 жылдың 16 қазанынан Ақсу ауданы әкімі аппаратының басшысы қызметін атқарған.

ҚОҢСЫ ТАТУ БОЛСА — ҚҰТ

Көрші аудандардың керемет жаңалықтары

Көршілес аудандарда жағымды жаңалықтар жетерлік. Біздің ауданымызда да мұндай жаңалықтар қолға алынып жатыр. Болашақ еншісінде.


Сарқан ауданының ауылдарында қатарынан үш әлеуметтік маңызы бар нысан іске қосылды.

Атап айтқанда, Аманбектер ауылында 500-ден астам тұрғыны бар жаңа блокты - модульді медициналық пункт пен ауылдық әкімдік пайдалануға берілді.

Дәл осындай медициналық пункт 600-ден астам адам тұратын Абай ауылында да ел игілігіне ұсынылды.



"ЖАЙЛЫ МЕКТЕП" ұлттық жобасы аясында



«Жайлы мектеп» ұлттық жобасы алдымен Президенттің Жолдауында айтылды. Қасым-Жомарт Тоқаев «...Жайлы мектеп» ұлттық жобасы қолға алынды. Біз 2025-ші жылға дейін 800 мың баланың заманауи мектепте оқуына оң жағдай жасаймыз. Осылайша, апатты жағдайдағы және үш ауысымды мектеп мәселесін шешеміз. Бұл ауыл мен қала мектептерінің айырмашылығын едәуір азайтады. Жалпы, мектеп салу - Үкімет және әкімдіктер үшін басты міндеттің бірі болуы керек» делінген Жолдауда. Президент пәрмен берді,

нәтижесінде жайлы мектептер салына бастады.

Аталмыш жоба аясында өңірімізде алғашқы мектеп пайдалануға берілді.

Жетісу облысының Қытаймен шекаралас Панфилов ауданында алғашқы «Жайлы мектеп» пайдалануға берілді. 1 200 орындық заманауи білім ордасы Жаркент қаласында салынды. Бірнеше блоктан тұратын ғимаратта 64 кабинет бар. Химия, физика, биология, робототехника, СТИМ кабинеттері, нанотехнология сынды профильдік бағыттағы сыныптар озық үлгідегі құрал-жабдықтармен қамтылған. Мұнан бөлек ағаш пен темір өңдейтін және тігін шеберханалары бар. Сондай-ақ, кітап оқуға, балалардың шығармашылық дамуы мен демалуына қоуоркинг аймақтары қарастырылған. Жаңа мектепте жүзге жуық мұғалім білім береді.

«ТАЗА ҚАЗАҚСТАН» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ БАҒДАРЛАМАСЫ АЯСЫНДА

Сенбіліктер жалғасуда



"Таза Қазақстан" республикалық экологиялық бағдарламасы жалғасуда. Ақция барысында тұрғындар тазалыққа өздерінің үлесін қосуда.

Ауданымыз бойынша күзгі санитарлық тазалық айлығы бойынша жаңадан ағаш егетін орындар дайындалып, шырша ағаштарының көшеттері отырғызылды.

Е.СЫМХАНОВ.

РУХАНИ ҚАЗЫНА САҚШЫЛАРЫНА ҚҰРМЕТ!



Кітапхана – біздің рухани құндылығымыз, теңдессіз байлығымыз, өйткені, өткен заман өрнектеріндей тарихты да, әдебиетті де, басқа ғылым кереметтерін де содан табамыз. Кітап сүйер қауымның бұлағынан бастау алып, оқырмандарына қызмет ете бастаған кітапхана – бүгінде ғасырға жуық тарихы бар білімнің, елімізді, егемендігімізді танытатын рухани орда. Қасиетті қазынамызды көздің қарашығындай сақтап, насихаттап, ел игілігіне жара-

тып жүрген кітапханашылар – ең қажет, абыройлы мамандық иелері. Кітапханашылар білім, ғылым, өнер мен мәдениеттің дамуына өлшеусіз үлес қосып, өркениетті елге айналуымыздың негізін қалауда.

Бүгінде рухани өміріміздің өзегі іспеттес ғылымды көпшілік оқырманға, ертеңгі ел тізгінін ұстау жас жеткіншек ұрпаққа насихаттауда, рухани мәдени байлығымызды ұрпақтан – ұрпаққа жеткізуші кітапхана болса, сол байлықты өз оқырманына

таныстырып, табыстырушы өзіндік тұлға, ол – кітапханашы. ҚР Үкіметінің 2022 жылғы 18 қазан №833 Қаулысымен «24 қазан - кітапханашылар күні!» болып бекітілді.

Осы мерекеге орай 24 қазан кітапханашылар күніне арналған «Жандары жарқын талғампаз иелері» тақырыбында кездесу өткізілді. Шараға мектеп кітапханасында еңбек етіп жүрген кітапханашы әріптес Тазобекова Жанар, бастауыш сынып жетекшісі Уйрумбаева Нүргүл, «Қарлығаш» балабақшасының тәрбиешісі Тұрсынова Әсем, ауыл тұрғындары Омарбекова Диана, Тұрсынова Бақыт, Жұмамбекова Гүлмира шақырылып, дастархан жайылып, мерекелерімен құттықтап ізгі тілек, лебіздерін білдірді.

Құрметті әріптестер! Кітапхана жұмысының сан қилы әдістерін меңгеріп, кәсіби шеберліктің одан әрі шыңдап, білімді де білікті маман ретінде оқырман көңілінен шығып, олардың талаптарын қанағаттандыру бағытында еңбектеріңізге толағай табыс тілейміз. Білім, ғылым, өнер мен мәдениеттің дамуына өлшеусіз үлес қосып, өркениетті елге айналуымыздың негізін қалауда еңбектеріңіз елене берсін!

А. ТҮСТЕБАЕВА,
Көшкентал ауылдық кітапханасының кітапханашысы.

МАМАНОВТАР ӘУЛЕТІ



XX ғасырдың басындағы қазақ байларының қазақтың мәдени рухани қорғаны болған, қазақтың мәдениетінің ұлттық буржуазиясының қалыптастырған қазақтың байлары шын мәнінде ақ жүрек, жаны жомарт азаматтар болатын. Сондай қазақ байларының бірі - Мамановтар әулеті болған екен. Халық арасында Маман Тұрысбек әулеті деп те атайтын болған. Қазақ кесіпкері Маман Тұрысбек қажының туғанына биыл 180 жыл толып отыр.

Мамановтар әулетінің негізін қалаған өз заманында Маман құт атанған Маман Қалқабайұлы 1820 жылы бұрынғы Жетісу облысы Ақсу ауданында дүниеге келген. Найман тайпасы Матай руынан шыққан. Қалқабай өзінен тараған алты ұлын ала-лап бөлмей теңдей етіп еңші береді еңбегімен, істің жөнін тапқыш пысықтығымен ерекшеленген Маман бәрінен озып осы өңірдегі ірі байлардың біріне айналады. Қапал-Арасан аймағына қарайтын тоғыз болыстың төбе биі әрі дуанбасы болған.

1868 жылы Маман Қалқабайұлы Жетісудың Қапал уезінен тұңғыш қажылыққа барған адам. Қажылықтан келгеннен кейін ел-жұрты оны құрметтеп «Байқажы» деп атаған. Байқажының төрт әйелі болыпты. Төрт әйелінен 10 ұл, 3 қыз тарайды. Бірінші әйелі Ніле бәйбішеден - Ырысбек, Тұрысбек, Сейітбаттал туған. Екінші әйелі Әйімжаннан - Еңғарбек, Омар, үшінші әйелі Лайықтан Құттыбек, Құрманбек, төртінші әйелі Жаңақатан-Есенқұл туған. Маманның Зылиха, Рахима, Еркежан есімді үш қызы болған. Маман қажы ұрпақтарының негізгі кәсібі сауда-саттық болған. Сауда мен жәрмеңкеден түскен қаражатты жоқ - жітіктерге, жетімдерге және оқудағы қазақ жастарының пайдасына жұмсап отырған.

Тұрысбек, Сейітбаттал, Есенқұлдар өсіп өнген елге шуағы мол тараған кісілер болады. Әулеттің ең үлкен ұлы Тұрысбек Маманұлы 1844 жылы бұрынғы Жетісу облысы Қапал уезі Ақтасты мекенінде дүниеге келген. Әке қамқорлығымен бала жасынан оқып білімге сусындап өскен Тұрысбек тұтас әулеттің бағыт бет алысын тың жолға сала білді. Тұрысбек Маманұлы Қапал қаласындағы Якобия медресесінде білім алған. Тұрысбек жастайынан татар, орыс тілдерін білген, ел аралап саудамен айналысқан. Жетісу өңірінде - Қапал, Тасбөгет, Ақсу, Саркент, Лепсі елді - мекендерінде күннен ашып байыған. 1873 жылы ол Арасан болысының басқарушылығына сайланған соң, таңдаған жері Қарасу мен Сүттіген деген өзендерінің аралығында жатқан Көкқия тауынан шығатын он шақты тұмалардың көзін ашып, Қарасу өзеншесіне тура Қарағаштың ортасына тоған тартып, арық жүргізіп, сорланып тұз басып жатқан шөл даланы жер жанына айналдырып жібереді. Сөйтіп қоғам ағымын терең бол-

жап, келешек қамын ойлаған Тұрысбек қажы әкесі Маманның өсиеті бойынша Ақсу бекетінің оңтүстік жағындағы Сүттіген жерінен кішкене қалашық салуға кіріскен. Бес - алты бөлмелі төбесі көк қаңылтырмен жабылған ағаш үйлер салып, әр үйдің төңірігіне түрлі жеміс ағаштарын отырғызады. Аз ғана уақыт ішінде бұл жер кішігірім қалашыққа айналып, «Қарағаш» қаласы деп аталады.

1878 жылы Тұрысбек мұсылмандық парызын өтеу үшін Меккеге барады. Меккеден қажы атанып келгеннен кейін Қарағашқа мешіт және медресе салуға кіріседі. Сөйтіп 1899 жылы мешіт және Кадим медресе құрылысын аяқтайды. Тұрысбек қажы салдырған үш жылдық жадит медресесі мен мешіт болып, атауына ешқандай «ия» қосылмай, Маман құттың көзінің тірісінде-ақ, балалары әкесінің есімімен «Маман» жадит медресесі деп атайды. Онда дін, шариғат, әптік, құран, софы, аллаяр, шарқитап, қырғыз парыз оқытылған.

Маман құт ұрпақтары романға бәйге жариялап, саудамен айналысып, жаңа құрылыстар салып, қазақ байларының жаңа үлгідегі бағыт-бағдарының бір қырын көрсеткен болатын. Соның маңызды бір тармағы мектеп салып бала оқыту болатын.

1904 жылы Тұрысбек қажы дүниеден өткен соң ағаларының игі істерін інілері Сейтбаттал мен Есенқұл жалғастырған. Тұрысбектің көрсеткен ағартушылық үлгі жолын жалғасаң балалары Құдайберген, Тәңірберген інілері Сейітбаттал, Есенқұл қажылар 20-30 мың ақша жұмсап, жаңа дәуірге сай мектепті «Мамания» деп атап, Қарағашта салдырады. Мамания жаңа әдісті мектеп Уфадағы «Ғалия» медресесінің үлгісіне ұқсап салынады. Атауына да сол себепті «ия»-ны қосады.

Мамания мектебінің алғашқы түлектері: Біләл Сүлейұлы, Әбубәкір Жайшыбекұлы, Маманұлы Ыбырайым, Ілияс Жансүгір, Бағрамұлы Әйсейіт атты тұлғалар болған.

1935 жылы оқу орны аудан орталық Ақсуға көшіріліп, мектеп Ақсу орта мектеп деп аталды. 40-шы жылдардың басында Ы.Алтынсарин мектебі аталған екен.

Маман ұрпақтарының ғұмырлық шежіресі Қазақ тарихының бір парасы екенін ұмытпағанымыз жөн. Әсіресе, олардың мешіт-медресе салу үрдісінің бүгінгі күні де аса өзекті тақырыпқа айналып отырғанын білуге тиістіміз. Маман құттың ұрпақтарының қазақ елінің оқу-ағарту саласында жасаған істеріне ғасырдан аса уақыт өтсе де таңдана да, тамсана айтамыз. Халқымызда «жақсының аты, ғалымның хаты өлмейді», - деген ұлағатты сөздің ақиқаты деп білеміз.

Бекзат КЕНЖЕХАНОВА,
Ақын Сараның мемориалды музейінің қор сақтаушысы.

АҚЫЛ АҰТАР АРДАГЕРЛЕР АМАН БОЛСЫН!

Бұл күн – аға ұрпақтың қоғам өмірне қосқан үлесіне шынайы ризашылық білдіретін және қамқорлық көрсететін ерекше мейірімге толы күн. Болашақ жастар мен орта буын өкілінің қазыналы қарттардан алар тағылымы мол. Аудандағы зейнеткерлерге, жалғызбасты жандарға, мүгедектерге, қамқорлық пен күтімді қажет ететін азаматтарға жылдағы бағыт бойынша ерекше көңіл бөліп келеді. Осы ретте, газетімізге аудандық Ардагерлер кеңесінің төрағасы Амангелді Айтбаевтың жылдағы дәстүр бойынша Үндеуі жарияланып, соған байланысты ауданда жоспар құрылып қазан айы толығымен ардагерлерге құрмет көрсетуге арналды. Біз де өзіміздің газетте кезінде қызмет еткеніміз ардагерлерге сый – сияпат жасау, құрмет көрсетуді ұмытқан жоқпыз. Тарихы терең, тағылымы мол халықтың ұрпағы болған соң қарт кісіні құт - береке деп танысақ, ол - ұрпақтың көрегендігі емес пе?! Жүйрік уақыттың ұшқыр қанатымен мағыналы ғұмырында биік бір белеске жеткен ата – апаларымызға ыстық ықыласымыз шексіз. Олар қиын - қыстау заманда ел үшін аянбай еңбек етіп, балаларын өсіріп, білім беріп, жетілдірді.



Осындай ардагерлеріміздің бірі - Күлбаева Күлзифа Андабекқызы. Қапалда 9 жыл, Сарқанда 8 жыл машинистка болып, Тәңірберген Қалилаханов, Майнұр Қоңырбаева ата - апаларымызбен бірге қызмет жасаған екен. Машинистка болып мақалаларды терумен қатар газеттің қателерін де қараған екен. Ол туралы аламызбен әңгімелескенде біраз тарихи әңгімелерді естідік.

Күлзифа апамыс қызметпен бірге бала тәрбиесіне де үлкен мән берген ана болғанын естідік. Он баланы өмірге әкеліп, өсіріп, жеткізген аяулы анамен әңгімелесудің өзі бір ғанибет

екен. Газетіміздің директор - бас редакторы Ләззат Қалмұхамбетқызы бастаған ұжым апарған кішкентай ғана сыйлығымызға балаша қуанған анамыздың әрекеті біздің төбемізді көкке бірақ жеткізді.

Қария - ағып жатқан дария, телегей теңіз іспеттес. "Қарты бар елдің қаңынасы бар", - деген асыл сөзді халқымыз бекер айтпаса керек. Қай кезде де халқының тілеуін тілеп, жұртына қамқор болатын қарттарымыз аман болсын. Біздің әлі де құрмет көрсететін ардагерлеріміз бар. Оларды да қуантармыз.

Ербол ӘБДІКӨРІМҰЛЫ.

Армысың алтын күз



Алтын күз келді. Жапырақтар сарғайып жерге түсіп жатыр. Жерге сары кілем төсеп қойғандай жұп - жұмсақ болып тұр. Күз мезгілін «алтын күз» деп айтатын себебіміз айналаның бәрі сары түске айналады. Күз мезгілінде бидай, тары, күріш, сұлы, арпа дақылдары піседі. Күз мезгіліндегі «алтын күз» атты іс-шарамыз Н.Есеболатов атындағы шағын орталықта өтті. Бүлдіршіндер осы күнді асыға күткен еді. Бұл іс-шарада бүлдіршіндеріміз әндерін айтып, билерін биледі. Тобымыздағы балаларымыз өте белсенді қатысты. Мерекелік көңіл-күйдің бар екені балалардан сезілді.


Б. ҚЫЗЫР,
«Мектепке дейінгі шағын орталығы бар Н.Есеболатов атындағы орта мектеп» КММ-нің ересек топ тәрбиешісі.

ИЛИЯС ЖАНСҮГІРОВТЫҢ ТУҒАНЫНА - 130 ЖЫЛ!

«ҚАЗАҚТЫҢ МАҢДАЙЫНА ӨЛЕҢ БІТСЕ,
ӨЛЕҢНІҢ МАҢДАЙЫНА БІТІП ЕҢ СЕН...»
Тұрсынзада ЕСІМЖАНОВ.

Тұрсынзада Илияс

(Тарихи дастан)



КІРІСПЕ (НКВД-ның тергеу ісінен)

Шыққан тегін аталық:
Матайдағы Аталық.
Аталықта Қайнардан
Аталары болыстыққа
сайланған
«Шынжыр балақ, шұбар төс»
Кілең ірі байлардан.

Аты - Қызыр Илияс
Дін жолындағы Пайғамбар
Пайғамбар болсын деген-ау
Бұл есімді қойғандар.

Ол дағы сол Матайдан
Матайдағы Сақайдан.
Молықбай деген қобызшы
Бақсылықпен сақайған.

Хат тануды «Маманиядан»
үйренген.
Ғашық болып сүйгеннен
Бай қызына үйленген.

Мүдделері жарасты
Сыртқа теппес Алашты.
Бірге істеген ұжымда
Сүлеевке қарасты.

Солардың төл інісі,
Бірге тірлік-тынысы.
Қой терісін жамылған
Белтірігі дұрысы.

Партияға кіріп ап,
Өз Одағын құрып ап,
Билеп-төстеп алмақшы
Алматыда тұрып-ақ!

Іштен шаққан жыландай,
Кеңесті бермек лаңдай.
Мағжан, Шәкәрім өлеңін
Жаттап өскен құрандай.

Жат элемент қауіпті.
Дәріптер бақсы-тәуіпті.
Құлагер ғып, жою үшін Кеңесті
Батыраштай контраны
тауыпты!

Бүкпелеп ойын астар ғып,
Жазғаны кілең қастандық.
Мадақтайды бақсыны
«Күй» атты ұзақ дастан ғып.

Билеп-төстер қожасы,
Сүлеевтің бажасы.
Халық жауы бұлардың
Өлім ғана жазасы!

ДҮЛДҮЛМЕН ДИДАРЛАСУ

Ширықтыра шамырқантып,
Оқырманын таңырқантып.
Нәсерлеткен нөпір жырдан
Алпыс екі тамыр балқып.
Аспаңдағы аққу қалқып,
Жетісулық жайлау төрі
Көз алдында жатар шалқып.

Жыр дүлдүлі тұлпар текті
Жауһар жырдан жұпар септі.
Суын, нуын тізіп беріп,
Қалдырмастан бір тал шөпті.

Жер тарихын бір талайғы,
Көк тіреген Гималайды.
Бедерлеген тасқын жырдан
Дәрия толқын күй тарайды.

Ақсуындай арындаған,
Дархан пейлі тарылмаған.
Құлагердей дүлдүлімнің
Біле бермес барын ғалам.

Төніп нәубет сын сабағы,
Тұншықтырды, тұмшалады.
Асқан таудай асау жырдың
Басын бұлтты мұң шалады.

Неге, неге? Неге десең,
Өткен тарих - көнеге сен.
Батыраштар тор құрмаса,
Құлагерге теңемес ем.

Қыр соңынан ертер елін
Білімі асқан серкелерін
Отап тастап арам шөптей,
Көрді тарих өртегенін.

АЛАБҮЛІКТЕ
Бүлік салып арамзалық,
Саясатқа надан жағып,
Алабүлік ел ішінде,
Күрт өзгерді адам нағып?!

Айдап салып бірді-бірге
Ойқан-сойқан түрді ірге.
Өр ізіне анду салды
Кім кімменен жүрді бірге.

Осындайда алабүлік
Жол бастайтын сара қылық.
Сүйел болды көздеріне
Құлагердей дара күлік.

Ол – Илияс Жансүгіров
Елі ішіне қан жүгіртіп,
Тура жолдан жаза бас қан
Саясатты сан бүгілтіп.

Асау тұлпар, дара бастан.
Қолбайлауға қарамастан
«Еңбекшіге» кеңесті жазды тізіп,
Отарлауды аран ашқан.

Азаттық боп бар талабы
Қаңға бөккен Қарқараны.
Алғанымен басқыншының
Ашкөздігі тарқамады.

Озбыр бетін ашып алды.
Жайлы жерді басып алды.
Атақоныс жайлауымда
Қай әкесі басы қалды?!.

Қалдырмай бірін газеттен
Осының бәрін сөз еткен.
Адуынды ақынға
Саясаттың көзі өткен.

Тапты да айла-шарғыны
Тізіліп жіпке барлығы.
Жазалаушы табылып,
Жазды жаза-жарғыны.

ТӨТЕНШЕ ТАПСЫРМА
Алмақ болып елдегі өшін
Кеңсесіне келгесін
Қызметкері ГПУ-дің
Қолға алды бір пендесін.

Қызметкер:
- шығыпты бір ұлы ақын,
Бәріңді жойып, қыратын.
Барлап түпкі мұратын,
Ағайын, жекежат-жұратын.

Бағыттап кімге өзі өшін
Батырып жүр тізесін.
Бәрін жіпке тізесің.
Сөйтіп мойнын үзесің!

М.Қаратай:
- Назасына қалып наланың,
Ашқанда оның «аранын»,
Қияметтей бұл істің
Өтеуіне не аларым?!.

Қызметкер:
- Өтеуіне берілер құрмет, құдірет
Сүріндірсен оны бір рет.
Жайланып орын-тағына,
Шығасың Кеңес жағына.
Төрағаға тиесі
Үйі де сенікі бағына!

М.Қаратай:
- Уәде болса, уәде!
Жарап тұр маған бұл кәде!

Зор сенімді ақтармын
Жан тұрғанда кеудеде!

Қызметкер:
- Жарайсың, міне, Азза-мат!
Алды-артын оның «тазалап»,
Берсең болды «жазалап»,
Басыңа қонар таза бақ!

«Алтын көрсе, жолдан таяр
періште».
Бұл мәтелге келіс, мейлің
келіспе.
Шелденіп көзі бұл сыйдан
Түсті солай бір пенденіз теріске!

Бел буып, қылша мойнын
үзбек болды.
Үйіліп донос-шағым тізбектелді.
Қаралау құжаттарын
қолына алып,
«Жесірін» Илиястың іздеп келді.

ПӘТЕРДЕ
Тымық түнде кешкілік
Арс-гүрсі қатты дыбыс естіліп.
Қолындағы топ қағазын
сес қылып
басып кірді пәтерге.
Сыйластық жоқ қаперде.

Бірге істейтін Одақта,
Болып жүрген қонақта.
Мекіренген қара дәу
Фатимаша «бөле жау».

«босатасың үйді!» - деп
Қабағын қарс түйді кеп.
Қолға алып бар билікті,
Тастабандай шүйлікті.

Фатима:
- Келіспеймін мүлдем жалған
үкіммен.
Менің жарым қызыл профессура
бітірген.

Адал, шыншыл азамат,
Елім деген қазанат!
Түн ішінде мазалап,
Келдің қандай аза менен
жазаны ап?!

М.Қаратай:
- Сенің байың халық жауы, кон-
тра!
Өзіңді де Кеңес қоймас оңдыра.
Сондықтан да, қамқорсымай
байыңа,
Жүргенің жөн жайыңа.

Фатима:
- Шешілмеген бұл істің
ақ - қарасы,
Өз ішінде болған соң
тақ таласы.
Дұшпанның бұл сірә,
нақақ жаласы.
Сен шығарсың сондай бір
бақталасы!

М.Қаратай:
- Отты көзбен маған текке
оқ атпа,
Мен – Төраға, дәл бүгіннен
Одаққа!
Бітті осымен әңгіме,
Көрмесің оны мәңгіге!

Фатима:
-Жетіскен екенбіз тақ тисе,
Мына сендей Өңгіге!

М.Қаратай:
- Тіл тигізбе арыма!
Ие бол мына барыңа!
Осымен айтар соңғы сөз:
Біз келгенше босатып қой
үйді тез!
Деді дағы мекіренген қара дәу
Фатимаша «бөле жау».
Тарс жауып кете барды есікті,
Деместен де «Бұл далада
қалады-ау».

КӨШЕДЕ (көліксіз көш)

Жай түскендей мына жағдай
бүгінгі

Есін алып, шырыл қаға жүгірді.
Ауыр аяқ, батпан тартып денесі
Іші бүріп, қанша рет бүгілді.

Қайда барсын, көзкөргені,
танысы,
Жақыны бар, алысы.
Мұны көре теріс қарар күмілжи
«Біз білмейміз. ГПУ-да – деп, -
бар ісі!»

Ащы шерден үні құрып,
қарлықты.
Аяқ асты демі бітіп, барлықты.
Үйге жетсе, мекіренген
нар мықты,
Шығартқызып бар жүкті.

Шыға беріс бөлмеге
Үйгіздіріп кетіпті.
Сөйтіп әлгі өркеуде
Дегеніне жетіпті.

Қайтпек керек? Қамауда ғой
күйеуі
Жалғыз арқа сүйері.
Қиналғанда өз жанынан
табылған
Гүлжәмила құрбысы еді сүйеуі.

Сол құрбысы асыл, бекзат
бейнелі
Қайраттана, жігерлене сөйледі:

- Илиястай арысымыз аманда,
Қорланбайық жаманға!
Неменеге бүгежектеп, жасиық.
Кел, екеуміз дан да
Мына жүкті біздің үйге тасиық!

Қысастығын істеген соң зөнталақ,
Екі ару жүкті жаяу арқалап,
Тасып болып қалған кезде
Фатима құлай берген шалқалап.

Бүгін де, күні кеше де,
Қиямет кешкен нешеме.
Жаны азалы аруды
Толғақ қысқан көшеде!

Әйтеуір әуірімдеп,
«Би Бәтима пірім!» -деп.
Гүлжәмила куантқан
«Берік болсын Ұлың» - деп.

Дәл осы сөт ұран тастай халыққа
Симай құрсақ қалыпқа
Әкесіне арашаға түсердей
Ұлы асыққан жарыққа!

Заман келсе қалпына,
Қызмет қылар халқына,
Ер болсын шар болаттай,
Адал ата салтына.

Деп ырымдау қалған дәстүр
атадан.
Сол себепті құр қалдырмай
батадан,
Көдемен азан шақырып,
Есімін Болат атаған.

АБАҚТЫДАҒЫ ЖҮЗДЕСУ

Фатима ару жігері шар болаттай,
Жөргегіне жамандықты
жолатпай,
Күн-түн демей әлдилеумен
ширатты
Жалғыз ұлын Болаттай.
«Желкілдеп өскен тұлымың,
Ұлы болсаң Ұлының.
Өзіңмен көктеп-көгереп
Пәниде бар ғұмырым!

Алашының данасы,
Көкесінің баласы!
«Жота мұрын», қыран көз
Айнымауын қарашы!..

Деп аялай ширатқан
Ұлын әкеп сый тартқан.
Ұлы көрсін әкесін,
Әкесі көрсін бөпесін.
Ұлына беріп батасын,
Кім боларын атасын.
Деген кезде Фатима
(Рухына Фатиха)

Қимай сонда Аруын,
Аңдатпай ішкі зар үнін,
«Етікші болсын! Көзқұрты
Түспес үшін бәрінің!»

Деген екен ұлы ақын,
Ішіне бүгіп мұратын.
Бұл тілегі - ұлының
Амандығы болатын.

Қағып алып бұл сөзді,
Жалақорлар қыр кезді.
Бұғаудан шығып торкөзді.
Донос болды сол кезгі!

«біледі жерін өлетін.
Етікші деп, бұл атаңа нәлетің
Кемсітіп тұр Ұлы Сталин
әулетін!
Жарылып кетсе, ал өтің!»

Жалған жала үсті - үсіне
жамалды.
Амал қайсы бұзып шығар
қамауды.
Тас бұғауда бұлқынады
хас тұлпар
Жаны өрт боп алаулы да
жалаулы.

Күй күйттемей жеңіл - желпі
жанға жай,
Жанкештілік ғұмыр кешкен
алғадай
Ақынымның өз қайғысы
аздай - ақ
Саясаттың сүргініне
салғаны - ай!

Қияметтің үйіп - төгіп тозағын,
Сұм аясат көстендетті
өз заңын.
Ара түсіп, шырылдады сан ана
Аман алып қалу үшін боздағын.

Қанша жерден сыпсындасын
тыңшылар,
Ақиқат пен шындық қалай
тұншығар?
Деген аппақ үмітпенен Фатима
Сәтке жетті бұлт артынан
Күн шығар.

ПЛЕНУМДА

Жер дөңгелек. Кері айналып
көш - керуен,
Мизам шуақ жаңа заман
қош келген.
Сол Алматы, сол Одаққа
Фатима
Іздеп келді дәу қараны
төс керген.

Еркек басы бола алмаған
қыз құрлы
Көзге шұқып, жемтікқұмар
құзғынды,
Одақтағы сол пленум үстінде
Сатқындығын бетке басып,
шыжғырды.

...Безбүйректің бетке басар
ызбарын,
Аман болсын Фатимадай
қыздарым.
Аман болса, алтын құрсақ
Аналар
Туар әлі Илиястай жүз дарын!

АТ ТҰЯҒЫН ТАЙ БАСАР (Түйін)

Дәрия - жігер, от дарын
Ақынымның білгің келсе,
соқпағын.
Ең алдымен дұшпаныңды
танып өс,
Батырашша жеңге бүккен
шоқпарын.

Соның бірі – «мекіренген
қара дәу,
Фатимаша «бөле жау».
Ел лдыңда бетпердесі ашылып,
Ер бітімі жер болуға таяды - ау!

Өр заманда қарға болып
қарқылдар
Тұлпар тегін құрта алмады
ол құлдар.
Болат ұлы етікші емес, кинода
Маман болды ақ алмастай
жарқылдар.

Қапияда мерт болғанмен
Құлагер
Ильфа апайдай өсіп - өнді
мұрагер.
Көзін көрген тұлпар
тұяқтарының
Қалың елім бұл тарихқа куәгер.

Арасанбай ЕСТЕН,
Халықаралық «Алаш»,
республикалық Кемел Тоқаев,
Сайын Мұратбеков атындағы
әдеби сыйлықтардың иегері.

ҒИБРАТ ҒҰМЫР

(Жалғасы. Басы өткен санды).

Еңбек ерлері Нұрлан Оңалдинов, Отызбек Сүйеубаев, Наужан Нұрсейітов, Құрманбай Жамбаев, Тыныбай Балтабаев, Отто Адлер - Ақсу ауданының бағын асырғандар. Кеңес Одағының батырлары Ленин орденді Есмурад Сыйқымов, Нұрсұлтан Есеболатов, генерал Сыртанов Самұрат - ел абыройы.

Ақсу ауданы орталығы Жансүгіровтегі орталық саябақта есімдері аталған ерлердің бюстері қойылған. «Батырлар» аллеясы аталады. Мемлекеттік «Ата мұра» бағдарламасы негізінде Оралбек Нұрсейітұлы Жақиянов бас болып 2019 жылы шұрайлы жаз айында, құрамы журналистер, жазушылар, ғалымдар, зертеушілер барлығы жиырма адамнан тұратын экспедиция сапары ұйымдастырылып, Ақсу ауданының тарихи орындары мен киелі жерлеріне тағзым жасалды.

Кең даланың шұрайына тамсанып өсіп, жоғарыда аталған қайраткерлердің үлгі жолын өнеге тұтқан Оралбек Жақиянов Матай станциясындағы №258 теміржол орыс/қазақ орта мектебін 1960 жылы тамамдайды. Москвадағы теміржол - құрылыс инженерлік институтына ҚазССР жоғарғы кеңесінің депутаты Мұхтар Қаптағайов сынды теміржолшы болу арманымен емтихан тапсырады. Үкілі үміті ақталмай, мектепте математика, физика, геометрия, тригонометрия, алгебра, сызу сабақтарын жүргенінің түбіне терең бойлатып, үңіле оқып меңгерген, алуан формулалар мен амалдарын жадына сақтап, есеп шығарудан озық болса да конкурстан өте алмай, оқуға түспей қалады.

Беталысы, есіп - дерті Алматы болады. Арманы - надан болмай, адам болу, халқына қызмет ету. «Асықпасаң арманыңа жетесің» деген алған ойынан түс қашырмайды. Отбасының иесі анасы Мыңтеңгеге өзінің Алматыда қалатынын айтады. Баласына жүрегі жерге қылып тосқан Мыңтеңге анасы:

- Балам, бала қыран ұшарын біледі, қонарын білмейді. Өңділдіктен таймай, ешкімге жағынбай, тыныш жүр. Жастығым - балам! Ақ күн алдыңнан тусын! Жан балам - аман жүр! - деген тілеу тілеп, бетін қайтармайды.

Асқар тауы әкесі Нұрсейіт ерліктің жолы Ұлы Отан соғысында «трудовой армия» қатарында тылда жұмыс жасайды.

Ұлы Отан соғысының 50 жылдығына орай энциклопедиялық «Боздақтар» кітабы Талдықорған облысы бойынша қазақ және орыс тілінде, бас редакциясы «Қазақ энциклопедиясы», 1995 жылы Алматы қаласына басылып шыққан. Кітапта Отан үшін құрбан болғандар туралы дерек мәліметі берілген. Кітап тізімінде Оралбек Жақияновтың ағасы Төлебай бар. Ақсу ауданынан мерт болған немесе із-түзсіз кеткендер саны 3395 адам.

Матай станциясынан Ұлы Отан соғысына қатысқан 223 жауынгерлердің тізімі ойылып жазылған үш тұғыр обелискінің ашу салтанаты 3 қараша 2023 жылы өткізілді. Бағышталып аста құран оқылды. Оралбек Жақиянов пен жұбайы Ғалия Әмірханқызы осы патриоттық-тәрбиелік маңызды іске қомақты қаржылай үлес қосып, ұйытқылық жасап, облыстағы беттұтар қарияларды шақырып, баталарын жас өскелендерге бергізді.

Оралбек Жақияновтың ағасы Төлебай мен жездесі Біләлдің аты-жөндері обелиск ескерткіш тізіміне ойылып жазылған.

Алматыда С.М.Киров атындағы машина құрылыс зауытында 17 жасында 1960 жылы III дәрежелі теміржолшы болып Оралбек Жақиянов:

Баласы едім теміржол еңбеккер, Мейр қанар қос қолыма еңбек бер, - деп қуана іштей өлендетте алғаш еңбек жолын бастайды. Жас Оралбекке зауыттағы көзқарас әсерлі шабыт береді. Алып зауытта қазақтың жас қара домалақтарымен бірге жұмыс істейтін ұлттар арқылы халықтар достығын көреді. «Көз қорқақ, қол батыр» деген құлшыныспен жұмыс істейді. Жұмысшылар саны зауытта мыңнан асады. Оралбек Жақиянов істеген № 1 цехта үш учаскі болады. Станоктарда жұмыс істеген адамдар. Зәулім цехта станоктар шуы шарықтап тұрады. Цехта бөлшектерді тасымалына арналған үш аспалы кран бар. Жұмысшыға жұмыс алдында жонатын бөлшек сызбасы беріледі. Онда бөлшекті қалай жону керекі және уақыты көрсетілген. Аспалы кран арқылы бөлшек беріледі. Мерзімді берілген уақытта жұмысшы бөлшекті жонады. Басқаларға конвейермен жөнелтіледі. Өзіне ғана емес, бүткіл ұжым үшін жауапты. Бәріне еп қажет. Теория мен практиканы тең меңгеру керек. Оралбек әпкесі Күлшеккенің ақылымен аяғының астына биіктете жәшік қойып алады. Сонда станоктың барлық тетігіне қолы еркін

жетеді. Біреуден Оралбек Жақиянов жақсы жұмыс өнегесін көрсе, көргенін көрегендік санап, ақылмен игереді. Талай адаммен ақи-тақи танысып достасады.

Зауытта «темір-жолшы» болғанын есейгенінде Оралбек Нұрсейітұлы жиі есіне алады. Себебі, өмірге ынтыққан, еңбегінің жемісін көре, адамдардың тұрмысы үшін аз да болса үлес қосқан сәттері. Зауытта жұмыс жасап жүрген кезінде «мақсатыма жеттім» деген ойдан Оралбек бойын аулақ ұстайды. Жұмыс істеп, бос уақытында оқулық кітабын қолынан тастамай, бала күнгі арманын жүзеге асыру үшін, жоғарғы оқу орнына түсуге дайындық жасап, үміттеніп жүреді. Оралбек Жақияновтың:

- Ұмтылған жан іздеген сыбағасын алады. Бақ кілті үміт дария - қиындық құлпын ашады. Үмітсіз шайтан, келіспеймін бекер қалуға, - деген үміт пен қиял әлдилеген жыл да өте шығады. ***

Көкірегі ояу Оралбек Нұрсейітұлы 1961 жылы «талап әуел бастан» деген тұңғыққа бойлап, арманының бір арнасы арман қала Алматыдағы политехникалық институттың «Азаматтық және өнеркәсіптік құрылыс» мамандығына оқуға түсуге, бір орынға 12 адам, емтихан өткізіп, білім бәсекесіне түседі. Нәтижесінде оқуға қабылданады. Жыл бойы дайындалған еңбегі ақталып, ананың үміті жанып, ауылдастарының ақ тілегін орындағанына шаттанады. Жездесі Біләл Меңғалиұлы Сатыбалдинов Оралбектің жоғарғы оқу орнына оқуға түскеніне:

- Балдызым уәдеге берік екен! - дей төбесі көкке жеткендей қуана құттықтайды. Салдары, Біліл жездесі мен Күлшеккен әпкесінің:

- Өмірдің бәрі құрылыс. Құрылыссыз өмір жоқ! Құрылыс мамандығына оқуға түс. Соны игер! - деп берген ақылын Оралбек Жақиянов қабыл алған еді.

Студент Оралбек Жақиянов омыраусоқтыққа салып асқақтап қожырамай, бозбалалықты қойып, білім тасын кеміре, түскен мамандықты меңдей игере, көптің қажеті үлгіге жарайтын азамат болып шыңдалып шығуды қамын ойлайды. Курста оқытын студенттердің ішіндегі зерегі де, зерделісі де, білімдісі де болып көзге түседі. Институттың кітапханасынан ыңқпай, білімін ұштап, толыстырумен күндерді өткізеді. Институтта өтетін шаралардан да шет қалмай, алдамшы болмай, үлгісі биік ойларымен өзін жақсы жағынан көрсетеді.

Студенттік жылдарда болашағын кері тартып ырқын кетірмей, «біліммен ғана» дей, өзінің болашағына азық болатын теория мен тәжірибе жинақтайды. Стадионға кешкісін достарымен барып, «қалжыңдасып өткізген қайран дәурен» дегендей, «Қайрат» футбол командасының ойынын көруден қалмайды. Оқуына кедергі болмас үшін бокспен айналысқанын доғарса да, ертеңгілік жаттығуды жас кезінен қалт жібермей, денсаулығына серік жасайды.

Түсінде Оралбек Жақияновқа қарсы баспалдақпен бірнеше қыздар түсіп келе жатады. Ішіндегі келбет-көрікті, қой көзді қызды ұнатады. Түсінде көргенін екі жылдан соң өңінде кез қылады. Қызбен арадағы қимас махаббат ерті, ғашықтық сыры 1964 жылы Павлодар облысында «студенттердің құрылыс жасағында» басталып, ұя берік ұл жақсы қызға кез болып, кең толғанып, Қазақ қыздар педагогикалық институтының физика-математика факультетінде оқытын Ғалия Әмірханқызымен жанына сая таптырып, 1966 жылы екі жақсы қосылады. Айырылмас тату-тәтті жұп болады. Көрікті Оралбек Нұрсейітұлы Жақиянов руы Қыпшақ, Ғалия Әмірханқызы тектіні таңдап алады. 16 сәуірде ҚазҰУ-дің асханасы «Эдельвейсте» үйлену тойы өтеді.

Құтты болсын босағаң,
Құт келін боп еліңе,
Құтты болсын қосағың,
Қосылыпсың теңіне.

Басыпсың қадам тауып жол,
Бастап жаңа өмірге, - деген қазақи салтпен «Беташар» айтылады. Жамбыл мен Талдықорған облысына еңбегі елеулі, беделді азамат Нұрмұхамбетов Жасболат:

- Батам, батам батпасын,
Батам жерде жатпасын,
Өнегелі, рухты миына тоқып жаттасын!
Үш Матайда - Аталық ата баласы Қамбар бидің ел басқарған өкімін берсін! Қаптағай - есімі үш Матай елінің ұранына айналған Бөрібай батырдың ерлік өтімін берсін! Кенже - Абылай ханның «есімтал бол» деген батасын алған Ер Тоқпанбет тоғызының өсімін берсін!

Үйленген соң үйің болсын,
Жағдайың мен күйің болсын!
Жамандыққа тиым болсын,
Бек жақсылық сыйың болсын!
Қырмызы қыз, ұлықты ұлық болсын! Ау-



мин! - деген ақ батасымен тойға келген жамағатты дүр серпілтеді.

Тойдың барлық шығынын көтере «жолдары жомарт болсын» деп жасап берген, өрлігі көпке білінбейтін жездесі Сатыбалдинов Біләл Меңғалиұлы мен көкесі Күлшеккен еді.

Кәсібіне ұста болмаққа Оралбек Жақиянов 1966 жылы институтты тамамдап, жүрегінің түбіне терең бойлатып «инженер - құрылысшы» деген мамандықпен диплом алып шығады. Институттағы әскери кафедраны 1965 жылы әскери ант қабылдап, қоса оқып бітіреді. Қосалқы саптағы офицер «лейтенант» әскери шенін алып шығады. Сарапты уақыт шеңберімен әскери шені комиссариат арқылы жоғарлап, Оралбек Нұрсейітұлы Жақиянов зейнетке шыққанында әскери дәрежесі «полковникке» жетеді.

Республикада 1966 жылы құрылыс саласы жанданып, көлемді жұмыстар атқарылып жатқандықтан, құрылысшы мамандар жетіспейтінді. Ішінде оты бар құрылыс мамандығын бітірген қазақтар өте аз болатын. Ал сұраныс оларға бар еді.

Қиыр шет Жаңаөзен поселкасы Маңғыстау облысына жолдама алған Оралбек Жақиянов жұрмекші болады. Оралбегін жолға шығарып салып тұрғанында, жүкті Ғалияны толғақ қысып, перзентханаға түседі. Оралбек Нұрсейітұлы жолдама сапарына берілген 74 сом ақшаны қауанышқа бөлеген әйелі мен перзентінің туғанына жұмсайды. Оқуған кәсібін іс жүзінде қаракет жасап меңгермекке Оралбек Нұрсейітұлы Жақиянов «Маңғыстау/мұнай-газ/құрылыс одағы» трест басқармасы 4 басқармасына жолдамамен жұмысқа кіреді. Жұмысқа тұрған жері берген барак үйге отбасымен орналасады.

1960 жылдардың басында Өзен кен орнына барлаушы-геологтар түпкілікті қоныстанып, Өзен поселкесі пайда болады. Мұнайшылар қаласының қазығы 1964 жылы қағылып, қала типтес жұмысшы поселкесі орнайды. Жаңаөзен поселкасына «қала» статусы 21 қазан 1968 жылы Қазақ КСР Жоғары Кеңес Президиумының қаулысымен беріледі.

Жаңаөзен құрылысына Республиканың барлық жерінен білікті мамандар шақырылған кез. Жоғары білімді Оралбек Жақиянов сұраныс маманның ішіндегі ең қажеттісі болады. Ақыл мен қайраты тең Оралбек Жақиянов құрылыстағы қызметін табысты атқарады. Ұлы Отан соғысының ардагері, 9-ҚБ-ның учаске бастығы Дмитрий Ильич Желтов Оралбек Жақияновтың мамандығына адал, беріле істейтіндігіне көзін жеткізе, құрылыстың қыр-сырын меңгеруге баулиды. Тоғыз қабат тұрғын үй, 280 орындық бала-бақша, тұрмыс-қажетін өтеу комбинаты ғимаратын, жазғы кинотеатрдың құрылыс жұмыстарын Оралбек Жақиянов басқарып жүргізеді.

Жаңаөзенде құрылысты жүргізуде жұмысшыларды дайын ерітінді немесе бетонмен қамту кедергілері туындайды.

Сол себептен құрылыстағы жұмысшылар көбіне бос қарап отырып қалады. Ерітінді немесе бетон жасайтын орындарға Оралбек Жақиянов әртүрлі жолдар тауып, объектідегі жұмысқа кедергілер туындамайтындай әрекеттер жасайды. Егер ерітінді немесе бетон дер кезінде жеткізілмесе, жұмысшылар бос қарап отырмайтындай қосымша жұмыстар беріп, амалдар жасайды. Біліктілігі мен көппен тіл табысуының арқасында жұмысын құрылысшы жандармен тығыз байланыста жүргізе үлкен беделге ие болады. Жұмысшылардың көбі сотталып, мерзімдерін еңбекпен өтеу орнынан бо-

лып шығады. Оларды Оралбек Жақиянов еңбегіне қарап бағалап, мезгілінен бұрын босап шығуларына көмегін аямайды. Тәлімгері туралы Оралбек Жақиянов:

- Алғашқы менің тәлімгерім «Союзмангышлакнефтегазстрой» тресінің 9-ҚУ бастығы, Ұлы Отан соғысының ардагері Дмитрий Ильич Желтов болды. Ол қадірлеп сыйласқан, өте қамқор жан еді. Менің отбасыммен араласып, ең алғаш көмек жасаған да сол тәлімгерім. Жаңбыр болғанда жер шыланып, аяқ киімге ми батпақ жабысады. Жаз бойы 50 градус аптап ыстық. Сатып алған тағамдар көпке шыдамайды. Тәлімгерім мен зайыбы Гета Васильевна жанұяма сол кезде өте қымбат «Бирюса» тоназытқышын сыйлап, ішін қажет тағамдармен толтырып берді. Құрылыста жұмысымды жіті қадағалап, ақыл кеңесін айтып, қолдап жүрді. Бірде, объектіге аяқасты келе қалды. Киімдерім шаң-тозаң, қолым былғаныш болатын. Тазалап үлгермей, қысылып қалдым. Дмитрий Ильич:

- Қысылма! Сыртқы дүние тазаранды. Ал, ішкі дүниені мұндай болмасанды. Рухың таза, мықты болуы керек дегенді қадап айтты. Сол айтылған «кредоны» ұмытпай, ғұмыр бойы сақтап келемін. Тәлімгердің сөзі мені 1967 жылдан бері рухани тәрбиелеуде. Ләйім үлгі-өнеге тұтып келемін, - дейді.

Екі қойын сойып, етін тұздап кептіре, жас отбасына қажетті керек жарағын артынып-тартынып дәу сөмкеге салып, Мыңтеңге ана Жаңаөзенге жетеді. Балаларын көріп, мауқын басып, біраз болады. Тоғыз айлық немересі Нұрланды бауырына алып, кері оралады. Енесі Мыңтеңге қарауына тұңғышы Нұрланды берген келіні Ғалия Әмірханқызы үйінде уақытын бос өткізбей, жас кезінен ештеңеден тайынбайтын қалыппен құрылысқа сылақты болып жұмысқа кіреді. Онда төрт ай жұмыс жасап, одан мектепке өз мамандығы бойынша мұғалімдік қызметке орналасады.

Жоғарғы білім құрылысшы-инженер мамандығы бойынша Жаңаөзенде шыңдалған Оралбек Нұрсейітұлы екі жыл қызмет жасап, халауат жаймен шалғайда қалған ана мен баласына алаңдап, «шыдайды қайтып дәтім жалғыз тастап» деген оймен жиі мазаланады. Анасына қамқор, пана болып, қартайғанында жалғыздық көрсете азырмай, қарауы парыз екені миынан шықпайды. Анасынан шалғай жүре, қалай қол ұшын бере алмақ? Бізді ойлап анасы да қажыма үшін 1968 жылы Оралбек Нұрсейітұлы Жақиянов басшыларының рұқсатымен жұмыстан шығып, «жігіттің бақыты туған жерінде» дегендей, зайыбымен Талдықорғанға оралады.

1968 жылы Талдықорған облысы қайта құрылып жатқан түс еді.

- Кәнеки, ана, бетіңнен сүйдірші, өзің де сүйші аңсаған балақаныңды, - деп ұлы Оралбек пен келіні Ғалия құшағын Мыңтеңге анаға қуана жайып қосылады. Қаланың шет жағынан отбасымен үй жалдап, отбасының берекесі анасын, баласын қолына алады. Туған жерге жеткен Оралбек Жақиянов тау қопарар екпінмен жұмыс істемекші болғанымен, қаладан мамандығы бойынша жұмыс табу қиындайды. Талдықорған қаласындағы құрылыс мекемелерінде жергілікті кадрлар саусақпен санарлық, қаланың өзінде де санаулы қазақтар қоныстанған. Біліктілігіңді білер адам жоқ. Бәрі бауыр, қанды қол емес. Құрылыс саласының басшылары, неге екені белгісіз, нәсілі қазақ құрылысшыларына қырын қарайды. Қиын күйге түссе де еңсесін түсірмейді. Қөңілі қажырап қараймай, намысты туған Оралбек Жақиянов сан мекемеден жұмыс іздеп табалдырығын тоздырады. «Кім екенімді білерсің» деген үмітпен жұмысқа алу туралы «Талдықорған/өндіріс/құрылыс» трестінің ҚМБ-46 басқармасының бастығы Василий Николаевич Опырышко:

- Құрылыс шеберінің бос орны бар. Сені «V-дәрежелі ағаш жолшы» дегізіп жұмысқа аламын. Бірақ, құрылыс шебері қызметін атқарасың. Сынақ мерзімің екі ай. Сынақтан өтпесең, жұмыстан кетесің, - деген ауызша тұжырым жасай, талап қояды. Материалистік көзқарас таныта сұңғыла Оралбек Жақиянов келісін, жұмысқа кіріседі. Астыңғы қабатында «Қаратал» дүкені бар, бес қабатты үй құрылысын жүргізеді. Оралбек Жақияновты жұмысшылар бірден ұнатады. Оралбек Жақиянов құрылыстың маңызды жерлеріне ғана араласады. Күрделі емес жұмыстарға құрылысшылардың өздері қадағалаусыз жасауына ерік береді.

Жемісбек ТОЛЫМБЕКОВ.

(Жалғасы бар).

Мемлекеттік қызметкерлердің міндеті - сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес



кылмыстық және әкімшілік заңнама призмасы арқылы қаралады.

Қолданыстағы заңнамаға сәйкес әкімшілік сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарға мыналар жатады:

- жеке тұлғалардың заңсыз материалдық сыйақы беруі;
- мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілетті адамның немесе оған теңестірілген адамның заңсыз материалдық сыйақы алуы;
- заңды тұлғалардың заңсыз материалдық сыйақы беруі;
- мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарының заңсыз кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруы және заңсыз кіріс алуы;
- мемлекеттік органдар басшыларының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс - қимыл бойынша шаралар қолданбауы.

Құқық бұзушылықтың осы түрлерін жасағаны үшін жүзден алты жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл түрінде әкімшілік жауапкершілік көзделген. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасағаны үшін қылмыстық жауаптылық белгілі бір мерзімге құқығынан айыра отырып не белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан өмір бойы айыра отырып, мүлкін тәркілей отырып, айыппұлдарды, шектеуді немесе бас бостандығынан айыруды көздейді.

Сондықтан да Қазақстан Республикасы мемлекеттік саясатының негізгі басымдықтарының бірі - осы зұлымдықпен күресу болып отыр. Кез - келген азамат төтенше жағдайлар бөлім қызметкерлерінің заңсыз әрекеттеріне қарсы Ақсу ауданы Төтенше жағдайлар бөлімінің 8 (72832) 2-13-86 сенім телефонына хабарласа алатынын ескертеміз.

А.АҚДЫРМОЛДАНОВ,
Ақсу ауданының ТЖБ аға инженері, азаматтық қорғау аға лейтенанты.

ЖЕМҚОРЛЫҚ – ИНДЕТ



Сыбайлас жемқорлық – азаматтардың өмір сүру деңгейі мен жетістігіне тікелей әсерін тигізетін қазіргі қоғамның өзекті мәселесі. Ол мемлекеттік билікті жеке бас пайдасы үшін, үшінші бір тұлғалар мен топтардың мақсаты үшін асыра пайдалану. Жай сөзбен айтқанда, қызмет дәрежесін жеке мақсатқа қолдану. Сол себепті, басты міндеттердің бірі – алдын алу шаралары болып табылады.

Еліміздегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңға сәйкес, мемлекеттік органдар, ұжымдар, жергілікті өзін - өзі басқару органдарының басшылары өз өкілеттілігінің шегінде заң талаптарының орындалуын қамтамасыз етуге міндетті. Заң талаптарын мүлтіксіз орындау - сыбайлас жемқорлықтың алдын алудың басты шарты. Түскен өтініштерді уақытылы қарау, тексерулерді қолданыстағы заң аясында жүргізу сияқты жұмыстар жемқорлықтың жолын кесудің бір түрі десе болады. Соңғы жылдары азаматтардың өкілеттік органдармен тікелей қарым- қатынасы болмауынан жемқорлық саны қысқарып, жұмыс сапасы жоғарлағанын байқауға болады. Санитариялық - эпидемиологиялық бақылау қызметі мемлекеттік қызметтерді "электрондық үкімет" www.egov.kz, www.elicense.kz веб - порталы арқылы көрсетеді, жеке және заңды тұлғалар «E-otinish» бірыңғай платформа-

сы арқылы электронды өтініш берулеріне болады және ол уақытылы қаралады. Бұл - азаматтардың мемлекеттік органдарға жүгіну рәсімдерін барынша жеңілдетуге және олардың қаралуын бақылауды жетілдіруге арналған ақпараттық жүйе.

Ақсу аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасында жемқорлыққа қарсы жоспарлы және жоспардан тыс шаралар өткізіледі. Басқарма мамандарының құқықтық мәдениетін көтеру мақсатында қолданыстағы заңнамаларды түсіндіру жұмыстары жолға қойылған. Басқармада мамандарға, жеке және заңды тұлғаларға семинарлар, дөңгелек үстелдер, дәріс, әңгімелер тұрақты түрде өткізіліп тұрады. Әлеуметтік желілер арқылы жұртшылықпен тікелей эфир арқылы байланыс орнатып, қолданыстағы нормативтік - құқықтық актілерге сәйкес түсіндіру жұмыстары жүргізіледі. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау жұмыстары өткізіліп отырады.

Жалпы алғанда, жемқорлыққа бару әр азаматтың таным - түсінігіне, рухани кемелділігі мен ой - өрісі, сана - сезіміне тікелей байланысты болғандықтан, азаматтардан сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет, оған қарсы тұру болмаса, қалаған нәтижеге қол жеткізу мүмкін болмайды. Сондықтан, сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік әрбір адамның азаматтық ұстанымы, ал адалдық пен әділдік мінез - құлқытың нормасы болуы тиіс.

А.ЕЛУБАЕВА,
аудандық санитариялық - эпидемиологиялық бақылау басқармасының заңгері.

Діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу



Экстремизм – қоғамда қалыптасқан нормалар мен ережелерді жоққа шығаратын шектен шыққан көзқарастар мен әрекеттерді ұстану деп білеміз. Экстремизм, ең алдымен, конституциялық құрылыстың негіздеріне қауіп төндіреді, адам мен азаматтың конституциялық құқықтары мен бостандықтарының бұзылуына әкеп соғады, қоғамдық қауіпсіздік пен мемлекеттің тұтастығына нұқсан келтіреді.

Экстремистік әрекеттер әрқашан қалыптасқан мемлекеттік немесе қоғамдық тәртіпті қабылдамаумен байланысты және заңсыз нысандарда жүзеге асырылады. Оның үстіне мұндай әрекеттер зорлық-зомбылық сипатында болуы немесе осы сипатқа тікелей және жанама шақыруларды

қоғамның әлеуметтік, құқықтық, діни сипаттарын ұғындыра отырып, оларды террорлық, лаңкестік және діни экстремистік бағытта арандатуға жол бермеу мақсатында «Дін терроризмге қарсы» тақырыбында 8-сынып оқырман оқушылар арасында әңгіме - сұхбат өткізілді. Біздің ойымызша, экстре-



қамтуы мүмкін. Ұлттық-саяси және діни экстремизмге қарсы күресте идеологиялық жұмысты ұйымдастыру жүйесінің маңызы зор. Идеологиялық жұмыстарды жүргізіп, жастар мен тұрғындар арасында белсенді үгіт-насихат жұмыстарын жалғастыру қажет. Мұндай жұмыстар «Жақсылық пен жамандық туралы» білімнің фундаменталды негіздері, имандылық қағидалары, діни ілімдер, қоғамдағы мінез-құлық ережелері қаланған кезде бала тәрбиесінен бастау қажет.

Осы орайда Көшкентал ауылдық кітапханашысы терроризм және экстремизм туралы терең түсінік беру, оның түрлері, себептері мен зардаптарын ұғындыру, жасөспірімге

мизм қауіптерін ескерту және алдын алу бойынша жұмыс жасаған кезде адамдардың әртүрлі діни сенімдерге төзімділік және бейбіт өмір сүру идеясын белсенді насихаттау болып табылады. Осылайша, ұлттық қауіпсіздік органдарына осы құқықты беру экстремистік және террористік құқық бұзушылықтар жасауға жағдайлар туғызатын іс-әрекеттерге жол бермеуге бағытталған болжамдалған нәтижелер мен мақсаттарға қол жеткізеді.

А.ТҮСТЕБАЕВА,
Көшкентал ауылдық кітапханашысының кітапханашысы.

"Tort Tulik" жануарлар иелеріне арналған мобильді қосымша иесінің жануарлар тізіміне мониторинг жүргізуге, жануарды онлайн режимде сатуға және сатып алуға, жануарларды тіркеуге, жеке тұтыну үшін сою себебінен жануарларды есептен шығаруға, ветеринариялық паспорт беруге, Жануарлар бойынша және жануарлар иесінің деректері бойынша мәліметтерді түзетуге, жануар тегінің жоғалуы кезінде ИНЖ ауыстыруға арналған қолайлы бағдарлама. Қосымша, жануардың ветеринариялық бақылауынан өткен ет сатып алу бойынша бөлімдер енгізілетін қосымшаны жаңарту күтілуде "sogym.kz", ветеринариялық қызметтерді жариялау және алу бөлімі "Vet.market".

2023 жылдың 1 маусымнан бастап Қазақстанда ауыл шаруашылығы жануарларының иелеріне арналған Tort Tulik мобильді қосымшасы іске қосылған. «Төрт Түлік» мобильді қосымшасы смартфонда онлайн және офлайн режимінде жұмыс істейді. Интернет болмаған жағдайда, бағдарлама желіге қосылғаннан кейін деректер жаңартылады.

Бағдарлама арқылы ветеринариялық төлқұжат алуға және болашақта малды сатып алу-сату, жоғалған кезде тегті ауыстыру, сондай-ақ, союдан кейін жа-

"Tort Tulik" жануарлар иелеріне арналған мобильді бағдарлама



нуарды есептен шығару рәсімдеуге болатын заман талабына сай жасалған бағдарламаның бірі.

«Tort Tulik» мобильді бағдарламасын күнделікті пайдаланып жүрген уялы телефон (смартфон, андроид т.б.) арқылы интернет жүйесінен, Playmarket-тен жүктеуге болады. Жүктегеннен кейін тіркеу деректерін толтырып, ИНН (жеке сәйкестендіру нөмірімен) тіркеу жүргізіледі. Сонымен қатар жеке құпия нөмір (пароль) қою қажет етілген. «TortTulik» мобильді бағдарламасын қолдану барысында өзіңізге қажетті қазақша және орысша тілді тандап, сол бағытпен бағдарламаны игеруге қолайлы жағдай жасалған.

Құрметті аудан тұрғындары, Сіздер тұрақты түрде мал шаруашылығында мал басын көбейтумен айналысудасыздар. «Tort Tulik» мобильді бағдарламасы ауыл шаруашылыққа қатысты, оның ішінде мал шаруашылығына қолайлы заман талабына сай жүйелер қамтылып жасалынған мобильді қосымшаны пайдалануларыңызды ұсынамыз.

Ж.РАХИМОВ,
ҚР АШМ ВБжҚК Ақсу аудандық аумақтық инспекциясының бас маманы, ветеринариялық - санитариялық инспекторы.

ЛУДОМАНИЯ – ҚОҒАМДЫ ЖАҮЛАҒАН ҚАУІПТІ ІНДЕТ



Лудомания - қазіргі қоғамның дерті

шығып, санының көбеюі жастарды тура жолдан адастыруға бірден - бір себеп.

Президент осы жаман әдетке, әсіресе, жастар әуес екеніне назар аударып, мемлекеттік органдарға азаматтардың жекелеген санаттары үшін құмар ойындарға қатысты шектеулерді күшейтуді тапсырған еді. Мемлекет басшысы елімізде лудоманияның белең алуына қарсы бағытталған әлеуметтік дағдыларды қалыптастыруда қоғамның, дін қызметкерлерінің және бұқаралық ақпарат құралдарының атқаратын рөлі ерекше екенін атап өтті.

Сондай - ақ, Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ойын бизнесі, лотерея қызметі, денсаулық сақтау, мемлекеттік еңбек инспекциясы, мемлекеттік бақылау және артық заңнамалық регламенттеуді алып тастау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2024 жылғы 8 шілдедегі Заңға қол қойды, яғни, 2024 жылдың 08 қыркүйегінен бастап заңды күшіне енді.

Осы Заңмен халықтың ойынға тәуелділігін төмендетуге бағытталған шектеу және ынталандыру нормалары енгізілуде. Құмар ойындарға және бас тігуге тыйым салынған адамдардың тізімі кеңейтілді.

Қорыта айтқанда, бүгінгі таңда әрбір оқушыда смартфон бар. Тіпті кішкентай нәрестелерді де жылдамасын деп қолына телефон ұстата саламыз. Әрине, олар құмар ойынды түсінбесе де, телефонға деген құмарлық басталады. Ал, оқушыларға келсек, ата - ана бақылауын міндетті түрде жүргізіміз қажет. Олар телефоннан не көріп жүр, қандай ойындар ойнайтынын әрдайым бақылауда ұстауымыз қажет.

Ләззат ҚАСЫМБЕКОВА,
«Ақсу өңірі» газетінің
директор - бас редакторы.

Екінші, әрі бірінші мәселеден тусындайтын қиыншылық: қаржылық, моральді қиындықтар. Еліміздегі қаржылық сауаттылықтың төмендігінен халықтың көп бөлігі әлі күнге дейін тәуекелге баруға дайын.

Үшінші мәселе: қанағатсыздық. Яғни, өмірден түңілу, бар дүниені бағалай алмау. Қазіргі заманда ақша табудың сенімді, өрі көп капиталды қажет етпейтін түрлері көп. Алайда, оны білмеген қауым әлі күнге дейін дұрыс емес ортада жүр. Бұрындары ойын автоматтары тек үлкен қалаларда болғандықтан шағын аудандар мен ауылдарда мұндай мәселелер көп көтерілмейтін.

Қазір технологияның дамуымен казиноға бару немесе ойын автоматтарын іздеуге деген сұраныс жоқ. Өйткені қазір телефон арқылы да лудомания атты тұзақтан шыға алмай жүр.

Психологтардың пікіріне сүйенер болсақ, лудомандардың 95%-ы он-

лайн казиноның және түрлі ойын автоматтарының ойыншылары.

Лудомандар қатарының көбеюіне заңсыз ойындар мен онлайн казино жарнамаларының өткірлігі де әсер етеді. Әлеуметтік желіге кірсең де, өзіңе қажет мәліметті жүктегің келсе де, рахаттанып отырып кино көргің келсе де, алдыңнан шығатын жарнаманың түрі тек осы құмар ойындарға шақыру. Ол жарнамаларды өткізіп жіберуге болмайтындығы тағы бар. Ақыр соңында өз керегіңді алу үшін жарнаманы толық көруге тура келеді. Сол аз ғана уақытта ойсыздарды ойынға шақыру ісі үгіт ретінде жүріп жатады. Осы секілді жарнамалар сырт көзге жай ғана жарнама, ақша жасаудың жолы болып көрінуі мүмкін. Ал, шынтуайтына келгенде, осындай жарнамалардың кесірінен көптеген шаңырақтың керегесі сөгіліп, айрандай ұйып отырған отбасылар шайқалып жатыр. Мұндай жарнамалардың өдемі мұқабамен



Қазіргі әлемде «Лудомания» сөзі жиі кездеседі. Лудомания - бұл адамның физикалық, психологиялық, қаржылық немесе әлеуметтік әл-ауқатына теріс әсер еткеніне қарамастан, құмар ойындарға деген қажеттіліктен зардап шегетін тәуелділік. Құмар ойындардан шыға алмайтын адамдар «лудомания» ауруына шалдығады.

Яғни, құмар ойынға тәуелділік - тәніңізді ауыртып, жаныңыз жапа шекпесе де, санаңызды ұлап, айрандай ұйып отырған отбасыны тас-талқан етуге құдіреті жетеді. Мейлі, отбасылы болмаса да, "бойдақпын" деп алшақ басқанның да тұмсығын тасқа тигізген. Себебі оның соңы өзіне - өзі қол жұмсауға алып келеді екен. Статистикалық деректерге сәйкес, елімізде қаншама суицид фактісі тіркелсе, оның әрбір бесіншісін құмар ойынға әуес адам жасаған. Оңай олжаны сезінгісі келген жандар тек бір рет ойнап, оңай жолмен келген ақшаны еселеп алғысы келеді. Алайда, онлайн казино, автоматты ойындардың барлығының да адамды өүрге салар жері сол. Ең алғашқы жеңіс оңай жолмен және тез келуіне байланысты адамдар осы жеңісті тағы да қайталап көруге тырысады. Бірақ бір рет қана келген жеңіс неше еселеп жеңіліске ұшыратып жататынын ешкім ескере бермейтіні өкінішті.

Осы жолда адасқан адамдар тек ақшадан емес, өмірінен айырылады. Елімізде ажырасқан 10 жұптың әр 7 жұбы осы ойындардың әсерінен бір - бірінен ажырады. Не себепті адамдар тәуелділікке ұшырайды?

Бірінші және ең көп таралған мәселе: отбасыдағы мәселе. Ол тікелей жүріп, тұруымызға, дұрыс өмір салтын жүргізуімізге әсерін тигізеді. Егер де үй ішінде тыныштық орнамаса, іштегі ыза-ны басып тастау үшін ойындарға көңіл бөліп, уақыт өткізетін болады.

● БІЛГІМ КЕЛГЕН БІР СҰРАҚ?

1). Зейнетақы жинағының ең төменгі жеткіліктілік шегінен асатын бөлігін мерзімінен бұрын алу болашақ зейнетақының мөлшеріне әсер ете ме?

Қазақстанның жинақтаушы зейнетақы жүйесі, ең алдымен, азаматтарды зейнетке шыққаннан кейін қамтамасыз етуге бағытталған. Азаматтардың зейнетақы жинақтары зейнетақы жарналары, сондай-ақ, зейнетақы активтері бойынша түскен инвестициялық кіріс есебінен қалыптастырылады. Осылайша болашақ зейнетақы көлеміне жарналардың жүйелілігі мен мөлшері, сондай-ақ, зейнетақы активтерінің инвестициялық кірісі әсер етеді.

БЖЗҚ-дан ең төменгі жеткіліктілік шегінен (ТЖШ) асатын зейнетақы жинақтарын алу болашақ зейнетақы төлемдері мөлшерінің азаюына себеп болады. Сондықтан жоғарыда атағандарды ескере отырып, зейнетақы қаражатын алу туралы шешім қабылдамас бұрын, зейнет жасына жеткенде қаншалықты көлемде зейнетақы алғыңыз келетінін шешіп, өзіңіз үшін маңызды басымдықтарды анықтап алғаныңыз жөн.

Естеріңізге сала кетейік, ең төменгі жеткіліктілік шегі (ТЖШ) - бұл ең төменгі зейнетақы мөлшерінен төмен емес (ең төменгі базалық зейнетақы төлемін ескере отырып) ай сайынғы төлемдерді қамтамасыз ету үшін қажетті зейнетақы жинақтарының ең төменгі мөлшері. Басқаша айтқанда, ең төменгі жеткіліктілік шегі - бұл салымшының зейнет жасына толған кезінде ең төменгі зейнетақы мөлшерінен кем емес деңгейдегі зейнетақы төлемдерін (мемлекеттік бюджеттен ең төменгі базалық зейнетақы төлемін ескере отырып) алуы үшін шотта қалуы тиіс ең төменгі көрсеткіш.

2). Биыл азаматтар ала алатын біржолғы зейнетақы төлемдерінің (БЗТ) ең төменгі және ең жоғары мөлшері қандай?

БЗТ мөлшері зейнетақы жинақтарының сомасына байланысты және әр азамат үшін дербес есептеледі. ҚР Әлеуметтік Кодексінің 224-бабына (4-тармақ) сай МЗЖ есебінен қалыптастырылған зейнетақы жинақтарын не пайдалану мүмкіндігіне жинақтары ең төменгі жеткіліктілік шегінен асатын салымшы-

БЖЗҚ туралы өзекті сауалдар

лар (жинағының жасына сәйкес ең төменгі жеткіліктілік шегінен асатын бөлігін пайдалана алады), зейнетақы мөлшері зейнетке дейінгі табысының кемінде 40% құрайтын зейнеткерлер (жинақтарының 50% дейін пайдалана алады), зейнетақы төлемдерін еңбек сіңірген жылдары үшін алушылар, сондай-ақ, зейнетақы аннуитеті шартын жасасқан салымшылар (өз жинақтарының 100% дейін пайдалана алады) ие.

3). Зейнетақы жинақтары қалай және қайда инвестицияланады?

Отандастарымыздың зейнетақы жинақтары жұмыс істеп, табыс әкелуі тиіс. Сондықтан зейнетақы жинақтары елімізде де, шетелде де нарықтық жағдайларда әртүрлі валютадағы түрлі қаржы құралдарына инвестицияланады. Нәтижесінде инвестициялық кіріс әртүрлі көздерден құралады: бағалы қағаздар (салымдар және басқа операциялар) бойынша сыйақы түріндегі кірістер; қаржы құралдарын нарықтық және валюталық қайта бағалау түріндегі кірістер; сыртқы басқарудағы активтер бойынша кірістер және т.б.

Бұл кең таралған әлемдік тәжірибе. Әлемдегі зейнетақы қорлары салымшылардың зейнетақы капиталын инвестициялау және көбейту үшін тартымды және тиімді мүмкіндіктерді үнемі іздестіріп отырады.

Зейнетақы активтерін инвестициялаудың басты қағидаты - оларды әртараптандыру. Мұндай тәсіл олардың ұзақ мерзімді сақталуын және инвестициялаудан тұрақты түрде кіріс алуы қамтамасыз етеді. Бұл өте маңызды, өйткені зейнетақы жинақтарындағы негізгі үлес, әдетте, көптеген жылдар бойы жинақталған инвестициялық кіріске тиесілі болады.

Зейнетақы активтерін инвестициялаумен ҚР Ұлттық Банкі (ҚРҰБ), ал 2021 жылдан бастап инвестициялық портфельді басқарушылар (ИПБ) айналысады.

Ұлттық банк үшін зейнетақы активтері есебінен сатып алуға рұқсат етілген қаржы құралдарының тізбесі Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысымен, ал

инвестициялық портфельді басқарушылар үшін - Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің қаулысымен бекітіледі.

Зейнетақы активтерін басқарушылар - ҚР ҰБ және ИПБ-да зейнетақы активтерін инвестициялаудың өзіндік стратегиялары бар. Олар инвестициялық портфельдің құрылымын инвестициялық декларация шеңберінде дербес айқындайды. Инвестиция жасау үшін нақты құралдарды таңдау сенімгерлік басқарушының стратегиясына және оның инвестициялардың сенімділігі мен кірістілігін қамтамасыз ету жөніндегі міндеттеріне сүйене отырып, жүзеге асырылады.

4). Салымшылардың инвестициялық кірісті қадағалау мүмкіндігі бар ма?

Әр салымшының enpf.kz сайтындағы немесе ұялы қосымшадағы жеке кабинетінде өзінің инвестициялық кірісін көруге мүмкіндігі бар. БЖЗҚ-ның зейнетақы активтерін инвестициялық басқару және олар орналастырылған қаржы құралдары туралы ақпарат Қордың ресми сайтындағы (www.enpf.kz) "Көрсеткіштер/Инвестициялық қызмет" бөлімінде жарияланып отырады.

5). ҚР азаматтары басқа елге тұрақты тұруға көшкен жағдайда олар зейнетақы жинақтарын ала алады ма?

Иә. Қазақстаннан тыс жерлерге тұрақты тұруға кетуге байланысты БЖЗҚ-дан зейнетақы төлемдерін алу құқығын елден тыс тұрақты тұруға кеткен, Қорда міндетті, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары (МЗЖ, МКЗЖ) және ерікті зейнетақы жарналары (ЕЗЖ) есебінен зейнетақы жинақтары бар және Қазақстан заңнамасына сәйкес құжаттарды ұсынған шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар пайдалана алады.

БЖЗҚ-ға құжат тапсырудың 3 тәсілі бар:

1. Сіз БЖЗҚ кеңсесіне шетелдік тәлқұжатыңызбен және банктік шот туралы мәліметтеріңізбен өзіңіз келе аласыз.

2. Қор кеңсесіне шетелге тұрақты тұруға кететін адамның өкілі (сенім білдірілген тұлға) құжаттар топтамасымен жүгіне алады.

3. Қажетті құжаттарды БЖЗҚ облыстық (өңірлік) филиалдарының бірінің пошталық мекенжайына жіберуге болады.

БЖЗҚ-дан берілетін зейнетақы төлемдеріне жіберілетін құжаттарды "Төлемге құжаттарды алдын ала тексеру" электрондық қызметін пайдалана отырып алдын ала тексеруге болады.

Құжаттарды алған кезде БЖЗҚ Қазақстанның мемлекеттік органдарының ақпараттық жүйелерінен өтініш берген шетелдіктің немесе азаматтығы жоқ адамның Қазақстан азаматының жеке басын куәландыратын құжаттарының не шетелдіктің Қазақстанда тұруға ықтиярхатының не уәкілетті қазақстандық орган берген азаматтығы жоқ адамның куәлігінің болуы және олардың жарамдылығы туралы мәліметтерді сұратады.

Егер бұл құжаттар жарамсыз болса, БЖЗҚ зейнетақы төлемін 10 күн ішінде жүзеге асырады.

Зейнетақы төлемдерін алушы әрекетке қабілетсіз/әрекет қабілеті шектеулі кемелетке толған тұлға болса да, зейнетақы жинақтарының төлемі тек сол алушының ғана банктік шотына аударылатынына назар аударамыз. Зейнетақы жинақтары төлемін заңды өкілдің (қорғаншының/қамқоршының), сондай-ақ, сенім білдірілген тұлғаның банк шотына аударуға жол берілмейді. Осылайша, басқа елде тұрақты тұруды рәсімдеуші адам өзінің зейнетақы жинақтарын жақын туыстарына немесе басқа адамдарға бере алмайды.

Мәлімет үшін хабарлаймыз, БЖЗҚ сайтында құжаттарды БЖЗҚ-ға беру тәсіліне қарай қажетті құжаттардың тізбесі, оларды рәсімдеуге қойылатын талаптар, сондай-ақ, өтініш бланкілері мен оларды толтыру үлгілері, сенімхат үлгісі орналастырылған.

Мәди БАЙДҮЙСЕН,
«БЖЗҚ» АҚ Жетісу облыстық филиалының операциялық бөлімінің Жансүгіров ауылындағы қызмет көрсету орталығының маманы.

Қабілет, қасиетің жастарға үлгі

Құрметті Жұмабике Шайболатқызы!

Қазақтың атын паш етіп шығарған Түркістан – Сібір теміржолының бойындағы Матай стансасының алтын құмында дүниеге келгеніңе 80 жыл толып отыр.

Туған күн құтты болсын! Әке – шешенің тәрбиесінің арқасында сен өпеген асу жоқ. Елдің құрметіне, туған – туыстардың, әріптестер мен оқушыларыңның рахметіне бөленген жансың.

Оқыдың, қызметінді мектеп мұғалімінен бастап, 25 жыл Құлагер ақын Ілияс Жансүгіров атындағы орта мектебінің директоры қызметін атқардың. «Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға», «Ұстазы жақсының ұстамы жақсы», – деген нақыл сөзді іс жүзінде дәлелдедің.



Жұмабике – біз сені ауданның, ауылдың сыйлы азаматы, белсендісі екеніңді білеміз. Бойыңдағы іскерлік қабілет, еңбекқорлық қасиет – өзіңнен кейінгі жастарға үлкен үлгі.

Адамгершілік, әділдік, жауапкершілік, батылдық, азаматтық бітім – болмысқа ие досымыз, жерлесіміз, әпкемізді мақтан тұтамыз!

Осындай үлкен еңбектің нәтижесінде Ақсу ауданының «Құрметті азаматы» атағының иегері болдың. Еңбектерің бағаланып, Қазақстан Республикасының «Оқу ісі үздігі» төсбелгісі мен көптеген медальдардың, «Алғыс хаттар» мен облыс, аудан басшыларының «Құрмет Грамоталарымен» марапатталдың.

Бүгінгі туған күніңде деңіңе саулық, туған – туыстарыңа амандық тілейміз.

ІЗГІ ТІЛЕКПЕН:
Зура Дүйсенқызы,
Ажар Сәрсенбайқызы,
Күләйхан Тұрсынбекқызы,
Орал Сердалықызы.

БИСҰЛТАНОВ БОЛАТ БИСҰЛТАНҰЛЫ



Жетісу өңіріне белгілі ардагер журналист, Ақсу ауданының Құрметті азаматы, «Қазақстанның Құрметті журналисі», «Қазақ журналистикасының қайраткері» төсбелгілерінің иегері Болат Бисұлтанұлы 83-ке қараған жасында бақилық болды. Осы ғұмырының 42 жылын баспасөз саласына арнаған қаламгер 1942 жылдың 20 маусымында Жетісу облысы, Ақсу ауданының Тарас ауылында өмірге келген болатын.

Екінші дүниежүзілік соғыстың құрбаны әкесі Бисұлтан Байысовтан, тылдағы ауырталықты ауылдастарымен бөлісіп, аянбай еңбек еткен анасы Қамила Бисейітқызынан адалдықты еншілеген ағамыз ата-анасының аманатын ақтап, қалап алған мамандығын абыройлы атқарды. Мектептен соң Семей мемлекеттік педагогика институтын тәмамдап, Ақсу ауданының Қызылорақ орта мектебінде қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, Ақсу аудандық «Өмір нұры» газетінде тілші, бөлім меңгерушісі, Қапал аудандық «Қапал еңбеккері» газеті редакторының орынбасары болып қызмет баспалдақтарынан өтті. Болат Бисұлтанұлы 1976 - 1997 жылдар аралығында Талдықорған облыстық «Октябрь туы» (кейіннен «Жерұйық») газеті редакциясында бөлім меңгерушісі

болды. Талдықорған облысы тарағанда 1997-2000 жылдарда Сарқан аудандық газетінің бас редакторы, 2001-2005 жылдары облыстық «Алатау» қоғамдық-саяси апталығы редакторының орынбасары болып зейнет демалысына шықты.

Ардагер журналист Болат Бисұлтанұлы 2005-2010 жылдарда «Дарабоз» қоғамдық қорының басқарма мүшесі-баспасөз хатшысы, 2014 жылы 19 мамырда облыстық «Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев» қоғамдық қоры құрылғанда төрағаның орынбасары-баспасөз хатшысы болған Болат Бисұлтанұлы Талдықорғанның тарихы туралы ұштомдық еңбекке үлес қосты.

Қажырлы қаламгер аяулы жері Советай Нұрғалымқызы екеуі үш ұл мен қызынан қызық көріп, немере, шөбере көрді.

Қоштасам аспаныммен, асқарыммен, Басынан бұлт асырмас асқағыммен.

Оралам бір күндері, мүмкін, қайтып, Ол бірақ басқа еңгіме, басқа... мүлдем...

басқа... мүлдем! – деп марқұм Есенғали ақын жырлағанындай, Болат ақынның тіршіліктен татар дәмі таусылғанымен, мәңгілік рухани ғұмыры тоқтаған жоқ. Талантты ақынның аудан халқы ешқашан ұмытпақ емес.

Ақынның ұлттық рухани қазынамызға қосқан ойлы жырлары мен танымдық жазбалары халқымен бірге жасай беретіндігі анық.

Қаламдас інілері, әріптестері атынан тұла бойынан адамгершілік, тәрбиелілік, саналылық пен парасаттылық қасиеттері сезіліп тұратын аға досымыздың қайтыс болуына байланысты отбасының, туған-туыстарының қайғысын бөлісіп, көңіл айтамыз.

Топырағы жеңіл, рухы шат болсын! Алла алдынан жарылқасын. Асыл рухы бейіштің төрінде шалқысын. Жаны жәннәтта болсын!

"АҚСУ Өңірі" ГАЗЕТИНІҢ ҰЖЫМЫ.

ҚОЛҒАНАТ



Әділет біраз жылдан бері "Асыл" жеке кәсіпкерлігін ашып, аудан орталығы Жансүгіров ауылының Талдықорғанға шыға беріс жол айрығында "Кәсіпкерлік атымен "Асыл" автобөлшектер дүкенін салған. Шаруашылығын дөңгелетіп,

оның жанынан бірден авто көлік жуу бекеті мен автокөлікке қызмет көрсету станциясын ашты. Жүргізушілерге қажет болған соң шағын дөңгелек жөндеу орнын дайындап, сонымен бірнеше адамды жұмыспен қамтыды.

Кәсіпкерліктің атын "Асыл" қоюының да себебі бар екен. Негізінде "Асыл" деген атты мал шаруашылығымен айналысатын кәсіпкерлер қоюшы еді, техника жөндеуге "Асыл" деп қойғаны қызық болатын. Сөйтсек, Асыл Әділеттің ұлы екен. Қ.Сәтбаев атындағы орта мектеп - гимназиясының 5-сыныбында оқитын Асыл Әділетұлымен де кездесудің сәті түсті.

Әкесі Әділет ақшаның қайдан келетінін білсін деп бастауыш сыныптан бері қасына ертіп, ауыр еңбектің наны тәтті болатынын бала кезінен үйретіпті. Алғашында әкесіне жеңіл - желпі құрал - саймандарды алып беретін көмекші болса, келе - келе осы жұмысқа қызығушылығы оянып, өзі көлікті көтеріп, дөңгелегін шешіп, тесілген балондарды желімдеп, қайта орына салып беретін қолғанатына айналыпты.

Кішкентай шебердің жасаған жұмысына тәнті болып, еңбекті көрсеткенді жөн санадық. Жарайсың Асыл.

Ербол СЫМХАНОВ.

БАЛА және ОНЫҢ ҚҰҚЫҒЫ



Адам құқығы - бала құқығын қорғаудан басталады. Бала атаулы қашанда ерекше қорғау мен қамқорлыққа мұқтаж екенін ескерсек, бұл заң жүзінде реттеліп бекітілуге тиіс. Әрбір баланың мүмкін болғанынша отбасында өмір сүруге және тәрбиеленуге құқығы, өзінің ата-анасын білуге құқығы, олардың қамқорлығына құқығы, өзінің мүдделеріне қайшы келетін жағдайларды қоспағанда, олармен бірге тұруға құқығы бар.

Баланың өз ата-анасы тәрбиеленуіне, оның мүдделерін қамтамасыз етуіне, жан - жақты өсіп-жетілуіне, оның адамдық қадір-қасиетінің құрметтелуіне құқығы бар.

Баланың ата-анасының екеуімен де, аталарымен, әжелерімен, аға- інілерімен, апа-сіңлілерімен (қарындастарымен) және басқа да туыстарымен қарым-қатынас жасауға құқығы бар.

Бала отбасында өз мүддесін қозғайтын кез келген мәселені шешу кезінде өзінің пікірін білдіруге, сондай-ақ, кез - келген сот немесе әкімшілік іс қарау барысында тыңдалуға құқылы.

Міне, адамның шыр етіп жерге түскен минутынан бастап, оны өмірін, денсаулығын, тыныштығын қорғап отырған заң бар. Бұл заң 1948 жылы 10 желтоқсанда қабылданған. «Адам құқығының жалпыға бірдей декла-

рациясы», сонымен қатар 1959 жылы қабылданған «Бала құқығы Декларациясы», осы декларациядан кейін 61 ел қол қойған 1989 жылы 20 қарашада «Балалар құқығы туралы Конвенция» қабылданды.

Қазірде бұған 191 мемлекет кірген. Конвенция деген - арнаулы мәселелер жөніндегі келісім шарт. Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы Қазақстан Республикасының 2002

жылғы 8 тамызда №345 Заңы «Бала құқығы туралы заңы» енгізілген. Бұл Заң 10 тарау, 53 баптан тұрады. «Бала құқығы туралы халықаралық конвенциядан» Конвенцияға кіретін құқықтардың бәрі барлық балаға бірдей тарайды. Конвенцияға қол қойғаннан кейін балаларды кемсітуден қорғауға және олардың құқықтарын жүзеге асыруға жәрдемдесу үшін белсенді шаралар қолдану міндетін мемлекет өзіне алады.

Осы ережелерді бұлжытпай орындау - біздің Отанымыз, еліміз, халқымыз алдындағы парызымыз. Біздің өмірдегі кейбір келеңсіз жағдайлардың көбі біздің осы заң талаптарын, тәртіп талаптарын білмейтіндігімізден туындап жататын секілді. «Отбасының өнегесі – Отан өнегесі» деп жазған еді кезінде Бауыржан Момышұлы. Ендеше, болашағымыздың тірегін тәрбиелеуде бүгін кішкентай болғанмен, ертеңгі мықты азаматтарымыздың заманға сай білімді де, білікті етіп қалыптасуы жолында олардың дәл қазір құқығын қорғау, қолдау басты міндет болып табылады.

Назира АУБАКИРОВА,
«AMANAT» партиясының мүшесі, Б.Сырттанов ауылдық кітапханашысы.

"АҚСУ Өңірі" Меншік иесі - ЖШС "Ақсу өңірі" газеті" Құрылтайшы, директор - бас редакторы ҚАСЫМБЕКОВА ЛӘЗЗАТ ҚАЛМҰХАМБЕТҚЫЗЫ

Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму Министрлігі Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитеті 2015 жылғы 16 қараша айында есепке қойылды. Күзлік №15701-Г

Газет бетінде жарияланған мақалалар авторының пікірі редакция көзқарасы болып табылмайды. Мақалалар өңделеді, авторға қайтарылмайды. Жарнама, хабарландырулар, арнау, құттықтаулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Газет қазақ тілінде аптасына бір рет, жұма күні шығады.

БІЗДІҢ МЕКЕН-ЖАЙЫМЫЗ: Жетісу облысы, Ақсу ауданы, Жансүгіров ауылы, Желтоқсан көшесі, №5 "В", аудандық әкімшілік үйінде

Тапсырыс 488 Осы шығарылымның таралымы 2209

Директор - бас редактор - 2-12-90, жауапты хатшы - 2-12-90.

Электрондық пошта: aksuoniri@mail.ru Газеттің ресми сайты aksuoniri.kz

Индекс: 65750 Оффсеттік басылым көлемі 26 т.